

Құрметті
жерлерестер!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – елдігімізді бекемдейтін, татулығымызды танытатын, береке-бірлігімізді айшықтайтын қастерлі күн. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан барша этнос өкілдерінің достығы мен өзара сыйластығы – Тәуелсіз Қазақстанның ең басты байлығы, тұрақты дамуының берік негізі.

Қарағанды өңірі үшін бірлік ұғымының мәні айрықша. Бұл қасиетті өлкеде түрлі этнос өкілдерінің тағдыры тоғысып, ортақ еңбек пен өзара қолдаудың үлгісі қалыптасты. Кеншілердің маңдай тері, еңбек адамдарының қажыры, әр этностың өңір дамуына қосқан үлесі – бүгінгі облысымыздың қуатты әлеуеті мен жарқын келбетінің негізі.

Бірлік пен келісім бар жерде тұрақтылық бар, тұрақтылық бар жерде даму бар. Бүгінгі жетістіктеріміздің, экономикалық өрлеуіміздің, қоғамдық тыныштығымыздың және мемлекетіміздің нығаюының түп негізінде халықтың өзара сенімі мен ортақ жауапкершілігі жатыр.

Осы мерейлі мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке және еңбектеріңізге табыс тілеймін. Ынтымағымыз ыдырамай, бірлігіміз бекем болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Нұрқан ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Бірлікті елдің берекесі мол

«Қазақстандағы бірлік пен келісімнің бірегей үлгісі конституциялық қағида-дәстүрге негізделген. Менің мызғымас ұстанымым – осы құндылықтарды сақтап қана қоймай, нығайта түсу қажет... Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын», – деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордада өткен Ұлттық Құрылтай отырысында.

Бұл – уақыттың тамырын дәл басқан, ел дамуының жаңа кезеңін айқындайтын тарихи тұжырым. Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан қоғамдық келісім моделі енді жаңғырып, мазмұны тереңдеп, ауқымы кеңейіп түспек. Ал, Қазақстан халқының бірлігі күні – осы идеяның өміршеңдігін дәлелдейтін, елдің ішкі тұтастығы мен тұрақтылығын айшықтайтын айрықша мереке. Қазақтың «Бірлік болмай, тірлік болмас», «Береке басы – бірлікте» сынды даналық сөздері бұл күннің мәнін бұрынғыдан да тереңдетіп, символдық әрі стратегиялық маңызын көрсетеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір әлем құбылып тұр. Геосаяси текетірістер жүріп жатқан күрделі кезеңде еліміздің ішкі тұрақтылықты сақтап, бейбіт даму жолынан таймай келе жатқаны – зор жетістік әрі жауапкершілік. Бұл – ұзақ жылдар бойы жүргізілген сарабал саясаттың нәтижесі.

Қазақ «Ынтымақты елге ешкім батпас...» деп бекер айт-



есіне орнығып, нақты жұмыс істейтін, қоғамдағы келісім мен өзара сенімді қамтамасыз ететін бірегей құрылымға айналды. Қазақтың «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген накылы осы институттың мәнін дәл сипаттайды.

Ассамблея жүзден астам этнос өкілдерін бір шаңырақ астына топтастырып, «Ортақ Отан – ортақ жауапкершілік!» қағидасын нақты өмірге енгізді. Этномәдени бірлестіктердің дамуына барлық жағдай жасалып, олардың мәдениеті мен тілін сақтауға кең мүмкіндік беріліп, қоғамдық келісімді нығайтудың стратегиялық бағыты белгіленді.

Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» десе, Ассамблея осы мінездің, осы жауапкершіліктің институционалдық көрінісі болды. Оның қызметі арқылы қоғамда сенім қалыптасты. Ал, сенім – кез келген реформаның табысты жүзеге асуының басты шарты. Бүгінгі тұрақтылықтың негізінде дәл осы сенім жатыр.

Кейінгі жылдары Қазақстан жаңа саяси және әлеуметтік-экономикалық даму кезеңіне қалам басты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған реформалар «Әділетті Қазақстан» қағидасын нақты мазмұнмен толықтырды. Бұл реформалар қоғамдағы әділеттілік пен теңдікті қамтамасыз етуге, мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталды.

► 4-бет

ТАҒЫЛЫМ

Алтыннан қымбат құндылық

Қарағанды дегенде, көз алдымызға алдымен, қара алтын мен қажырлы кеншілердің бейнесі келетіні заңдылық. Алайда, Арканың төсіндегі бұл шаһардың қатпар-қатпар тарихында көмірден де терең, кеннен де құнды бір қабат бар. Ол – тағдырдың тауқыметімен, тарихтың табыстыруымен бір арнаға тоғысқан сан түрлі этнос өкілдерінің ортақ құмыры. Бірі бұл өлкеге өндіріс дүбірімен, бірі қуғын-сүргін қасіретімен, енді бірі бақыт іздеген үмітпен табан тіреді.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеңдікпен кемелденген
келісім

1 мамыр мерекесінің аймақ үшін мәні де, мазмұны да бөлек. Өйткені, мұндағы бірлік құрғақ ұранмен немесе жалаң үндеулермен емес, бірге еңбек етіп, тағдыр тауқыметін бірге бөліскен жандардың өмір жолымен дәлелденген. Бүгінде кеншілер шаһарында қоғамдық келісімнің берік іргетасы қаланған. Аймақта этномәдени бірлестіктердің жұмысын үйлестіріп отырған Достық үйі тұрақты қызмет етеді. Түрлі этномәдени бірлестіктер қала тұрғындарының басын қосатын ауқымды іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастырып келеді. Десе де, бірлік идеясы бүгінгі қала



тұрғындарының, әсіресе, ертенгі күннің иесі – жастардың санасына қаншалықты терең орнықты? Бұл сауалдардың жауабы тарихтың қатпарлы парақтарында жатыр. Қастерлі қазақ халқы тарихтың талай тар жол, тайғақ кешуінен өтіп, жұтты да, қуғын-сүр-

гінді де, ашаршылық пен соғыстың ащы зардабын да бастан өткерді. Бірақ, сондай ауыр кезеңдердің өзінде қазақ баласы тек өз басының қамын күйттемей, тағдыр тәлкегімен жат жерге айдалған өзге ұлт өкілдеріне бауырмалдық танытып, қамқорлық көр-

сете білді. Бүгінде түрлі этнос өкілдерінің қазақ халқына деген шексіз алғысы мен өткен күндерді тебірене еске алуы – сол кезеңдегі кеңпейілділіктің айқын айғағы.

► 4-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Касп QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Тұрғындар ортақ іске алаңдайды

Облыста тұрғын үй-коммуналдық мәселелер әлі де өзекті. Ауланы абаттандырудан бастап, лифт жөндеу мен тұрғын үйге қолжетімділікке дейінгі түйткілдер халықты толғандыруда. Бұл мәселелер облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың азаматтарды жеке қабылдауында айқын көрінді.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы өңірдің әр түпкірінен келген тұрғындардың өтініш-тілектерін тындап, бірқатар мәселелердің шешімін сол арада қарастырды. Кездесуге мемлекеттік органдар мен салалық басқармалар өкілдері де қатысып, нақты тапсырмалар берілді.

Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына қатысты болды. Тұрғындар аула аумақтарын абаттандыру, көпқабатты үйлердегі лифтілердің жиі істен шығуы, ПИК пен МИБ қызметіне қатысты



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, тұрғын үймен қамтамасыз ету және жекеменшік қарттар үйлерінің жұмысын реттеу тақырыптары да сөз болды.

Мәселен, Шахтерлер даңғылы, 60 мекенжайындағы аула мәселесі бірнеше жылдан бері шешімін таппай келеді. Тұрғындар балалар ойын алаңын орнату қажеттігін айтып, көмек сұрады. Бұл мәселе бойынша облыс әкімі қала әкімдігіне жағдайды жан-жақты зерделе, нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Қабылдауда көтерілген тағы бір өзекті мәселе – лифт жөндеу. Көпқабатты тұрғын үй тұрғындары күрделі жөндеуді өз қаражаты есебінен жүргізе алмайтындарын айтып, мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау көрсетуді сұрады. Осыған байланысты жауапты органдарға қаржыландыру тетіктерін қарастыру тапсырылды.

Ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымы да назардан тыс қалған жоқ. Көптекті ауылдың тұрғындары су тапшылығын шешу үшін 1000 текше метрлік резервуар салуды және жаңа мектеп құрылысын бастауды сұрады. Су қоймасы жобасы келесі жылға жоспарланса, мектеп құрылысына қажетті жер телімі анықталған. Ал, әзірге қолданыстағы мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізу тапсырылды.

Қабылдау барысында көптеген сұрақтарға жауап берілді. Ал, қосымша зерделеуді қажет ететін мәселелер бақылауға алынып, тиісті органдарға нақты тапсырмалар жүктелді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Өнер мектебі ашылады



Нұра ауданында мәдени инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жаңа кезеңге шықты. Биыл аудан орталығында заманауи өнер мектебінің ашылуы жоспарланып отыр. Бұл – ауыл балаларының шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды қадам.



Нұра кентінде бой көтеріп жатқан жаңа өнер мектебі тек білім беру орны емес, мәдени орталыққа айналмақ. Мұнда музыка, хореография және сәндік-қолданбалы өнер бағыттары бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Жобада 100 орындық акт залы қарастырылған. Онда концерттер, қойылымдар және түрлі мәдени іс-шаралар өткізу көзделіп отыр.

Ғимараттың сәулеттік келбетіне де ерекше мән берілген. Қасбеті ұлттық өрнектермен безендіріліп, аумағы толық абаттандырылады. Ағаштар отырғызылып, шағын сәулеттік формалар орнату жоспарланған. Жоспар бойынша, өнер мектебі алғашқы оқушылары осы жазда қабылдайды.

Ауданда тек жаңа нысандар салу ғана емес, қолданыстағы мәдениет ошақтарын жаңарту жұмыстары да жүйелі жүргізілуде. Мәселен, Жараспай ауылында биыл Мәдениет үйіне күрделі жөндеу

жасалады. Шатыр ауыстырылып, инженерлік жүйелер жаңартылады, ішкі бөлмелер, соның ішінде, баспалдақтар мен санитарлық тораптар ретке келтіріледі.

Соңғы жылдары бұл бағытта бірқатар нақты нәтижелер бар. Байтуған ауылында Мәдениет үйі толық жөнделіп, қасбеті жаңартып, жылу жүйесі, холл мен көрермен залы қайта жасалды. Ал, Кергінді ауылында ауқымды жаңғырту жүргізіліп, блок-модульді қазандық орнатылып, су құбыры мен көріз жүйесі тартылды, жылу жабдықтары жаңартылды.

Жалпы, өңірде мәдени инфрақұрылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Соңғы жылдары бірқатар ауылдарда жаңа клубтар мен мәдениет үйлері ашылып, ескірген нысандар кезең-кезеңімен жаңғыртудан өтуде.

Өз тілшімізден
Нұра ауданы

Сағынов оқуларының салмағы

Қарағанды қаласында Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ұйымдастыруымен «XVIII Ә.Сағынов оқулары. Білім, ғылым және өндіріс интеграциясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауқымды конференция «Цифрландыру және жасанды интеллект» жылына орай ұйымдастырылып, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуды мақсат етті. Дәстүрлі түрде өтетін бұл конференция ғылыми және технологиялық өзекті мәселелерді талқылайтын маңызды алаңға айналды.

Қазіргі таңда Қазақстанның алдында стратегиялық таңдау тұр: технологияны тек тұтынушы ел болып қала береміз бе, әлде оны жасап, дамытатын мемлекетке айналамыз ба? Тарих көрсеткендей, технологияны кім игерсе, болашақтың бағытын да сол айқындайды. Сондықтан,

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің ұзақмерзімді дамуы ең алдымен, адами капиталға, сапалы білімге, ғылым мен инновацияға байланысты екенін үнемі атап келеді. Бұл еліміздің нақты стратегиялық бағдары. Бүгінгі университеттің рөлі түбегейлі өзгерді. Бұл тұрғыда Қарағанды техникалық университеті ерекше орынға ие. Аталған оқу орны тек маман даярлаумен шектелмей, тұтас өңірдің сапалы дамуына ықпал етуді мақсат етеді. Облыс әкімдігі үшін мұндай бастамалардың маңызы зор. Ғылым – кабинеттегі теория ғана емес, халықтың өмір сапасын жақсартатын нақты құрал. Соңғы уақытта Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ұсынған тәсілдің маңызы ерекше. Оның айтуынша, өңірлік деңгейдегі жұмыс ұсыныстан емес, экономиканың нақты сұранысынан басталуы тиіс. Инновациялық инфрақұрылым аясында бұл жобалар жетілдіріліп, пилоттық режимде іске асырылады. Мұндай жүйе экономиканың сұранысынан бастап, жаңа технологиялар мен өндірістерді, жұмыс орындарын құруға дейінгі толық тізбекті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Айта кету ке-



рек, осы модельдің нақты мысалдарының бірі ретінде Қарағанды техникалық университеті аталды. Бұл – университет, өңір және бизнес бірлесіп, жаңа технологиялық

экожүйе қалыптастырып жатқанын көрсететін айқын дәлел, – деді облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей.

Билығы жиынға Қазақстанмен қатар Түркия, АҚШ, Канада, Германия, Франция және басқа да елдерден келген ғалымдар қатысты. Жалпы, 120-дан астам ұйымнан 880 ғылыми баяндама ұсынылды. Бұл қазақстандық ғылымға деген халықаралық қызығушылықты көрсетеді.

– Білім, ғылым және өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған XVIII Ә.Сағынов оқуларының ресми ашылуы өтті. Дәстүрлі конференция жыл сайын жаңа ғылыми идеяларға жол ашып, инновациялық дамуға серпін береді. Быылғы жыл еліміз үшін жаңау кезеңімен тұспа-тұс келіп отыр. Референдум нәтижесінде қабылданған Конституцияда ғылым мен білімді дамыту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалды. Сағынов оқулары – әлемнің түпкір-түпкірінен келген ғалымдар мен сарапшылар бас қосып, тәжірибе алмасатын, жаңа зерттеулер мен серіктестіктер қалыптасатын маңызды ғылыми алаң. Қазіргі таңда Қазақстан

ғылымы жаңа кезеңге қадам басты. 2025-2026 жылдары ғылым саласында бірқатар жүйелі өзгерістер жүзеге асуда. Атап айтқанда, ғылыми инфрақұрылым цифрландырылып, бірыңғай жүйеге біріктірілді. Жасанды интеллектімен жаңа технологияларды енгізу қарқынды жүріп, бұл бағыт мемлекеттік басымдыққа айналды. Университеттердің де рөлі өзгеріп, олар білім берумен қатар инновация мен өндірісті байланыстыратын негізгі көпірге айналуға, – деді Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ректоры Сәуле Сағынтаева.

Конференция барысында инженерия, энергетика, көлік және логистика, саулет және құрылыс, химия-биология ғылымдары, сондай-ақ, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, машиналық оқыту, роботтехника және тұрақты өндіріс жүйелері секілді бағыттар қамтылды.

– Бұл конференция бүгінгі ғылым, білім және өнеркәсіптің негізгі даму бағыттары талқыланып, беделді халықаралық алаңға айналды. Оның «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» аясында өтуі

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

еліміздің білім мен технологияға негізделген экономиканы қалыптастырудағы стратегиялық бағытын айқындай түседі. Ғылымды цифрландыру – тек жаңа технологияларды енгізу емес, ғылыми зерттеулерді басқару тәсілдерін түбегейлі жаңарту. Қазірдің өзінде ғылыми қызметтің толық циклі қамтитын жүйелер қалыптасып, деректерге негізделген шешім қабылдауға, зерттеулердің тиімділігі мен практикалық маңызын арттыруға мүмкіндік беруде. Жасанды интеллектті енгізуге де ерекше мән беріліп отыр. Бұл тек маман даярлаумен шектелмей, AI технологияларын ғылыми және өндірістік процестерге, соның ішінде, модельдеу, деректерді өңдеу және күрделі жүйелерді басқару салаларына кеңінен қолдануды қамтиды. Осындай жағдайда университеттердің рөлі арта түседі. Олар тек кадр даярлайтын білім ордасы емес, цифрлық шешімдер әзірлейтін, жаңа құзыреттер қалыптастыратын және экономикаға қажетті технологиялар жасайтын орталықтарға айналуға, – деді Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешкенкулов.

Ғылыми жұмыстар 13 секция бойынша талқыланып, қатысушылар қолданбалы және іргелі зерттеулер нәтижелерімен бөлісті. Пленарлық отырыстарда өнеркәсіпке ESG қағидаларын енгізу, экономиканы декарбонизациялау, ғылым мен өндіріс байланысы және жасанды интеллектті өндірісте қолдану мәселелері көтерілді.

Айта кетейік, «Сағынов оқулары» – ғылыми қауымдастықты біріктіретін және халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін маңызды алаңның бірі. Конференция жас ғалымдарға өз зерттеулерін таныстыруға мүмкіндік беріп, ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтуға өз үлесін қосты.

Суреттер Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ баспасөз қызметінен



Әйел неге әлі қорған іздейді?

Әлем аумалы-төкпелі геосаяси трансформациялар кезеңін бастан өткеріп жатқанда, адам құқығы – мемлекеттің шынайы бет-бейнесін айқындайтын басты өлшемге айналды. Оның ішінде, әйелдің қауіпсіздігі мен мәртебесі – қоғамның қаншалықты өркеніетті екенін көрсететін ең қатал индикатор. Екі жыл бұрын елді есенгіреткен трагедиядан кейін қабылданған «Әйелдер құқығы мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» заң Қазақстанның құқықтық жүйесінде бет-бұрыс жасағаны рас. Содан бері ресми статистика тұрмыстық зорлық-зомбылықтың азайғанын алға тартады. Бірақ, бұл тұрмыстағы зорлық-зомбылыққа түбегейлі тоқсауыл қойылды дегенді білдірмейді. Мәселен, облыста жыл басынан бері ғана дағдарыс орталықтарының сенім телефонына 351-ден астам адам хабарласып, 11 әйел тікелей көмек сұрауға мәжбүр болған. Ал, қауіпсіздік үшін 20 адам паналау орындарына орналастырылған.



Сурет ЖИ

пайызға азайған. Оның ішінде, өткен жылмен салыстырғанда, Биыл Қылмыстық кодекстің 99-бабы – адам өлтіру бойынша бірде-бір қылмыстық іс тіркелмеген.

Бұл туралы облыстың полиция департаментінің жанындағы Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығының жетекшісі Гүлбану Сәтбаева-Алпысбаева мәлімдеді.

– Биыл тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты ауыр қылмыстардың азайғаны байқалады. Атап айтқанда, адам өлтіру, зорлау деректері тіркелген жоқ. Дегенмен, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, ұрып-соғу сияқты қылмыстардың деңгейі әлі де өзгеріссіз қалып отыр, – дейді ол.

Тұрмыстық зорлықпен күрес тек жаза күшейтумен шектелмейтіні анық. Бұл – нақты адамдардың тағдырына араша түсу. Қарағанды облысында осы бағытта жұмыс істеп жатқан Отбасына көмек көрсетудің бірыңғай орталығы соның дәлелі.

– Жыл басынан бері бізге 1358 адам жүгінді. Оның 32-сі ресми арыз ретінде тіркелсе, 86 адам психологтан көмек алды.

42 адамның мәселесі медиатор арқылы шешіліп, 93 адамға заңгерлік көмек көрсетілді. 20 адам, яғни, 11 әйел мен 9 бала өз үйінен қауіп көріп, дағдарыс орталығына орналастырылды. 21 адамды жұмысқа орналастырдық. Одан

Облыста әйелдер мен балаларға қатысты құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында 13 үкіметтік емес ұйым және құқық қорғау бағытындағы қоғамдық бірлестіктермен тығыз байланыс орнатылған. Соның ішінде, 6 дағдарыс орталығы тұрмыстық зорлық құрбандарына нақты көмек көрсетіп келеді.



Сурет Облысан қолдау орталығынан

бөлек, балаларға қатысты қамқорлық пен инклюзия мәселесі де шешілді, – дейді Гүлбану Ратайқызы.

Бір деректе бір тағдыр бар

Мәселен, соның бір мысалы – Қарағандыда орын алған бұл оқиға. 19 жастағы әйел бұрынғы күйеуінің аяусыз соққысынан кейін ауыр халде ауруханаға түсіп, дәрігерлер оның көкбауы-

рын алып тастады. Бұл туралы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек көрсететін «Шанс» орталығы мәлімдеді.

Небәрі 16 жасында тұрмысқа шыққан ол алғашында қамқорлық танытқан жұбайы уақыт өте келе өзгеріп, зорлық-зомбылық жиілегенін айтады. Анасы қызының денесіндегі көгерген іздерді байқаса да, бәрін жасырып келген. Орталық мамандары ер адамның әйелден баласын тартып алғанын да айтып отыр.

– Жалпы, қазақ қоғамында зорлық-зомбылықтың негізгі себептері патриархалды көзқарас, ер адамның үстемдігін қалыптастырып қабылдау, ішкідікке тәуелділік, тұрмыстық қиындықтар, психологиялық мәдениеттің төмендігі екені рас. Бірақ, осының бәрін де қауіптісі – қоғамның үнсіздігі. Сондықтан, бұл мәселеде әркімнің жауапкершілігі бар. Жәбірленушіні кінәламай, керісінше қолдау көрсетіп, қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарлау – әркімнің азаматтық ұстанымы. Сонымен қатар, балаларды зорлықсыз ортада тәрбиелеу, құрмет пен теңдікті үйрету – ұзақ мерзімді шешімнің негізі, – дейді Гүлбану Сәтбаева-Алпысбаева.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар да күшейтілгенін айтқан болатынбыз. Құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шаралар нәтижесінде жыл басынан бері әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар саны 7,6 пайыз төмендеп, 1595-тен 1481-ге азайған. Бірақ, ұрып-соғу фактілері бойынша 942 дерек тіркелсе, қорғау нұсқамасын бұзу бойынша – 194, ерекше талаптарды сақтамау бойынша 345 құқықбұзушылық анықталған.

Қорғау нұсқамаларының саны да 2467-ден 2122-ге дейін қысқарған. Алайда, осы нұсқамаларды бұзатындардың болуы мәселенің түбегейлі шешілмегенін аңғартады.

Мәселен, ерекше талаптарды бұзғаны үшін жауапқа тартылғандар саны 2,6 пайыз артқан.

– Бүгінде облыста әйелдер мен балаларға қатысты

құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында 13 үкіметтік емес ұйым және құқық қорғау бағытындағы қоғамдық бірлестіктермен тығыз байланыс орнатылған. Соның ішінде, 6 дағдарыс орталығы тұрмыстық зорлық құрбандарына нақты көмек көрсетіп келеді. Қарағанды мен Теміртау қалаларындағы отбасына көмек орталықтары, «Мой дом», «Ана үйі – Дом мамы», Бұқар жырау ауданындағы «Мир добра» ұйымдары – қауіптен қашқан әйел үшін уақытша болса да қауіпсіз панасына айналған, – дейді Гүлбану Ратайқызы.

Қауіпсіз қоғам санадан басталады

Тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күрестің ең тиімді кешенді тәсіл екенін айтады халықаралық сарапшылар. Яғни, алдын алу, қорғау және жазалау қатар жүруі тиіс. Мәселен, Еуропа елдері негізге алған «Стамбул конвенциясы» мемлекеттерге нақты үш бағытты міндеттейді: зорлықтың алдын алу, жәбірленушіні қорғау және құқық бұзушыны міндетті түрде жауапқа тарту.

Көптеген елдерде бұл жүйе нақты жұмыс істейді. Мәселен, қорғау ордері енгізіліп, агрессорға жәбірленушіге жақындауға тыйым салынады. Дағдарыс орталықтары тәулік бойы жұмыс істейді, ал, сенім телефондары кез келген уақытта көмек көрсетуге дайын. Одан бөлек, полицияға түскен әр шақыртуға жедел әрекет ету – заңмен бекітілген міндет. Тіпті, зорлық жасаған адамдармен де жұмыс жүргізіледі. Яғни, тек жазалау емес, олардың мінез-құлқын өзгертуге бағытталған арнайы бағдарламалар іске асырылады.

Дегенмен, бұл мәселе толық шешілген жоқ. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне, әрбір үшінші әйел өмірінде кем дегенде бір рет физикалық немесе жыныстық зорлыққа ұшырайды. Ал, аталған мәселеге қатысты қоғамның көзқарасы өзгермей, бұл күресте түбегейлі жеңіс болмақ емес.

Салтанат ІЛИАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Үнсіз үйдің айғайы

Отбасындағы зорлық-зомбылық – жеке адамның тағдырын талқандап қана қоймай, қоғамды іштей ірітетін үнсіз соғыс. Соңғы жылдары елімізде бұл мәселеге қатысты ресми статистикада белгілі бір өзгерістер байқалады. Мәселен, 2025 жылдың алғашқы айларында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты құқықбұзушылықтар шамамен 20 пайызға азайғаны тіркелген.

Алайда, бұл көрсеткіштер толық тыныштық орнады дегенді білдірмейді. Әлеуметтік зерттеулерге сүйенсек, елімізде әрбір оныншы адам тұрмыстық зорлық-зомбылық көргенін мойындайды.

Қарағанды облысында да белгілі бір төмендеу бар. Биыл отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында жасалған қылмыстар 3,8

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын»

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында Қазақстан Халық партиясы орталық аппараты ел көлемінде ауқымды бастама көтерген болатын. Жобаға сәйкес, жалпы ұзындығы мың шақырымды құрайтын ауданаралық тасжолдардың бойы қоқыстан тазартылуы қажет-ті. Бұл іске әр облыс 50 шақырымнан үлес қосуы тиіс. Бүгінде партияның Қарағанды облыстық филиалы жанынан арнайы штаб құрылып, нақты жұмыстар қолға алынған. Соның нәтижесінде, Бұқар жырау ауданына қарасты Үштөбе ауылдық округі, Шет және Ақтоғай ауданына тиесілі ауыларалық жолдардың бойы қоқыстан тазартылды. Бұдан бөлек, партия алдағы 10 жыл ішінде, мененаттардың қолдауымен 100 алма және 100 емен ағашы отырғызып, үлкен бақ ашуды жоспарлап отыр.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Филиал өкілдері өткен аптада Үштөбе ауылдық округіне тиесілі ауданаралық жолға сенбілік жасады. Нәтижесінде, небәрі екі сағаттың ішінде 40 қаптан астам қоқыс қалдықтарын жинаған. Облыстық филиалының басшысы Халел Мақсұтов жолдың екі жиегінде қоқыс мөлшерінің көптігін баса атап өтті.

– Жиналған қоқыстың басым бөлігі – шыны шишалар. Негізінен, бұл дала өртінің негізгі себебінің бірі. Уақытылы тазартылмаса, күн сәулесі шыны арқылы шағылысып, өрттің тұтануына әкеліп соғалды. Сондықтан, мұндай қауіптің алдын алу үшін табиғатты қоқыстан жүйелі түрде тазарту аса маңызды. Өкінішке қарай, далада әлі де шашылып жатқан қалдықтар аз емес. Бұл қоқыстарды сырттан біреу әкеліп төгіп жатқан жоқ. Оны өзіміз тастап отырмыз. Шын мәнінде, тазалық мәдениеті әр адамның өзінен, өз ауласынан басталуы тиіс, – деді Халел Мұқатайұлы.

Қазақстан Халық партиясының бастауыш партия ұйымдары мектеп аулаларын көгалдандыру ісіне де тұрақты түрде атсалысып келеді. Соңғы екі жыл қатарынан білім беру мекемелерінің аумағына ағаш отырғызу дәстүрге айналған. Мәселен, былтыр күзде Қарағанды қаласындағы бірнеше мектеп ауласына 92 түп көшет отырғызыпты.

– Былтыр отырғызған ағаштардың жай-күйін арнайы барып көрдік. Со-



ның ішінде, тек бесеуі ғана өспей қалған. Қалған 87-сі тамыр алып, жайқалып тұр. Бұл – біз үшін жақсы нәтиже. Алдағы сегіз жылда Қарағанды қаласының құрылғанына 100 жыл толады. Осы айтулы датаға орай біз ауқымды экологиялық жоба әзірледік. Жоспар бойынша жыл сайын партия атынан кәсіпкерлердің демеушілігімен 100 алма және 100 емен ағашын отырғызу көзделіп отыр. Былтырдан бері облыс әкімдігіне ресми хат жолдап, осы 10 жылдық бастамамызды таныстырған едік. Егер жыл



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

сайын 200 түп көшет егілсе, он жылда олардың саны екі мыңға жетеді. Бұл ағаштарды тұрғындармен бірлесіп отырғызсақ, үлкен саябақ қалыптастыруға мүмкіндік бар. Ендігі мәселе сол бақты күтіп-баптау мен суару ісін жергілікті әкімдік өз жауапкершілігіне ала берген ұсынысымыз бар, – деді Халел Мақсұтов.

Сурет партияның Қарағанды облыстық филиалынан

Білім мен өндіріс тоғысқан алаң

Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі енді Инжиниринг жоғары колледжі ретінде жаңа кезеңге қадам басты. Бұл тек атаудың өзгеруі емес, оқу орнының мәртебесі жаңарып, білім беру мазмұны кеңейіп, мамандар даярлау жүйесі сапалы жаңа деңгейге көтерілетінін білдіреді.

Салтанат ІЛИАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған шешім еңбек нарығындағы сұраныс пен заманауи инженерлік мамандықтарға деген қажеттіліктің артуымен тікелей байланысты. Енді оқу орнында құрылыс, сәулет, дизайн және цифрлық технологиялар бағыттары бойынша жоғары білікті кадрлар даярлауға басымдық беріледі.

Колледж директоры Әсел Сапарованың айтуынша, білім беру бағыттарын кеңейту – басты міндеттердің бірі.

– Біз инженерлік бағытты күшейтіп, студенттерге теориямен қатар тәжірибеге негізделген білім беруді мақсат етіп отырмыз. Бұл олардың кәсіби тұрғыда дамуына және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді, – деді ол.

Оқу орнындағы маңызды жаңашылдықтардың бірі – қолданбалы бакалавриат бағдарламаларының енгізілуі. Бұл формат студенттерге оқу барысында нақты өндірістік дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Алдағы уақытта «Азаматтық гуманитарды жобалау, реставрациялау және реконструкциялау» мамандығы бойынша жаңа білім беру бағдарламасы іске қосылады. Бұл қазіргі



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

заманғы жобалау, қалпына келтіру және цифрлық модельдеу технологияларын игерген мамандарға деген сұраныстың артуымен байланысты.

Колледждің мүмкіндіктері Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетімен әріптестік аясында да кеңейіп отыр. Жасалған келісімге сәйкес, «сәулет» және «азаматтық гуманитарды жобалау, реставрациялау және реконструкциялау» бағыттары бойынша бірлескен білім беру бағдарламалары іске асырылады. Сонымен қатар материалдық-техникалық база ортақ пайдаланылып, студенттердің тәжірибелік дайындығы күшейтіледі.

Бұдан бөлек, «орта кенестіктер сәулеті» бағыты бойынша қолданбалы бакалавриат бағдарламасын енгізу мәселесі қарастырылуда. Бұл білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз етіп, колледж түлектеріне жоғары оқу орнында қысқартылған бағдарлама бойынша білімін жалғастыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, оқу орнының жаңа мәртебесі – өңірдегі техникалық және инженерлік білім беруді дамытуға бағытталған маңызды қадам. Бұл өзгерістер болашақ мамандардың сапасын арттыруға қана қоймай, еңбек нарығының нақты сұранысына жауап беретін кәсіби кадрлар даярлауға жол ашады.

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Рустам БУЗЯКОВ:

Жастарға жалын қажет

1 мамыр – елімізде ерекше күн. Асылы, «Бірлікте рахмет бар» деп бабаларымыз тегін толғанбаса керек. Рустам Бузяков – «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Азаматтық қоғамды бірігу идеяларына, нақты істерге қалай жұмылдыруды білетін, зияда азамат. Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрамындағы ғылыми сараптамалық тобы жастар клубының төрағасы. Ол сандық платформалардан бастап, еріктілік акцияларына дейінгі жаңа форматтар арқылы жас буынның санасына эмпатия мен медиа сауаттылықты қалай ұялатуға болатынын өзінше түсіндірді. Зер салып көрейік...



тақырыптарға қалайша насихат етіп жүрсіздер? Тәжірибенізбен бөлісе отырсыңыз...

– Біз жоғары оқу орындарының, колледждердің, мектептердің жастарымен етене жұмыс істейміз. Сан түрлі келелі кездесулер, пайымды пікір алмасулар, пайдалы акциялар, мәдени іс-шаралар ұйымдастырып жатамыз. Жастар бүгінде белсенді. Әредік әрнеге құманмен де қарайды. Күнбе-күн олар «Мұны неге мен істеуім керек?» деген сынды сауалмен бетпе-бет келеді. Біз өз кезегімізде практикалық артықшылықтар легін ұсынамыз. Мәселен, «жұмсақ» дағдыларды дамытқыңыз келе ме? Диалогты жеңілдетуге тырысыңыз. Мемлекеттік сектордағы немесе үкіметтік емес ұйымдардағы мансапты армандайсыз ба? ҚХА-дағы тәжірибе біле білгенге нақты түйіндеме әрі мұқым ел бойынша байланыс желісі. Бұған сарқылмас эмоцияны қосып қоялық. Бір сәтке елестетіп көріңіз, сіз ұлттық мәдениеттер фестивалінде татардың қазақ биін билеп жатқанын, ал, орыс жігіті ұйғыр тілінде ән айтып жатқанын көргенде бөлек күйге бөленетініңізді есте жасыра алмайсыз. Жастарға жалын қажет. Жігер қажет. Біз сол жалын мен жігерді ынтымақ жолында сарп етеміз!

– Қазыналы Қарағанды – бай тарихы бар политникалық аймақ. Ал, бүгінгі күні қоғамдық келісімді сақтауда әлдебір қиындықтар кезіге ме? Жастар көзқарасы қандай?

– Қиыншылық – бір мектеп. Әлбетте, әрдайым белең алып тұратын бөгесіндер бар. Әл-әзіргі әлем тез өзгереді. Көші-қон, кей күнгі кішігірім қақтығыстар, мың сандаған мәселелер туындап жататын әлеуметтік желілерді еш жерге байлап қоя алмаймыз. Жастар көзқарасы – оң. Қимылының нәтижесін көргенде тіптен арайланады. Мұндайда бір нәрсені шегінен тыс идеализацияламау маңызды. Мұрат ортақ. Келісімді сақтау керек. Сондықтан, біз бәріміз мейлінше сыни ойлауды, медиа сауаттылықты және ең бастысы, өзімізді өзгенің орнына қоюды үйретеміз.

– Сіздің қоғамдық қызметіңізде ғылым, білім және әлеуметтік қызмет қалай қиылысады?

– Сене көріңіз, қиылысады. Алдымен жас буын бойында азаматтық



бірлік ұғымы терең мәнге ие екендігін сезінгенде көздері шырадай жаңады. Бұл оның болашағына – инвестиция.

– Олай болса, мүмкіндікті мүлт жібермейік. Жастар тарабына айтар қажет кеңесіңіз болса, үміт ұялатарлық үгіт пен үндеуіңіз болса, мархабат!

– Мен бірлік категориясын әдеттегідей қабылдаудан аулақпын. Бірлік бастабында біреудің мәдениетіне деген терең құрметтен бастау алса керек. Көп дүниені деғдар диалог шешеді. Күнінсізді күн ілгері кешіп өтуге даяр бола білу маңызды. Жауқазындай жас бауырларымыз бен қарындастарымызға айтарымыз аз емес. Экранға телміре бермей, концерттерге бару мәдениетін қалыптастырыңыз. Жастар, сіздер елдің ертені де, бүгінгі де екендіктеріңізді



ұстанымды қалыптастырамыз. Жастар жағы пайдалы әңгімелерді ынты-шынтысымен тындағысы келеді. Көзімен көріп, қолымен істегісі келеді. Жиі-жиі мәдениетаралық коммуникациялар бойынша зейінді зерттеулер жүргіземіз. Экспедициялар, конференциялар ұйымдастырамыз. Көріп отырғанымыздай, жас азамат өзінің үлкен бизнестегі ролін жете түсінгенде цифрландырудың сырын, экологияның өзектілігін немесе

ұмытпақ жоқ. Игілікті идеяларыңыз, сарқылмас күш-қуаттарыңыз бен ынтымақтастық ықтиярларыңыз мемлекетімізді бұдан да күшті ете алады.

– Қызықтық әңгіменізге рахмет!

Әңгімелескен
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Сурет сұхбат берушінің
жеке мұрағатынан

Бірлікті елдің берекесі мол

(Соңы. Басы 1-бетте)

Конституциялық өзгерістер нәтижесінде билік тармақтарының теңгерімі күшейіп, Парламенттің ықпалы артты. Конституциялық сот қайта құрылды. Азаматтардың құқықтарын қорғау механизмдері жетілдіріліп, мемлекеттік институттардың ашықтығы артты.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында қоғаммен кері байланыс орнату жаңа деңгейге көтерілді. Ұлттық құрылтай – осы диалогтың тиімді алаңы ретінде қалыптасты. Онда қоғамның өзекті мәселелері ашық талқыланып, нақты ұсыныстар жасалуда.

Президенттің жыл сайынғы Жолдауларында, мақала, сұхбат және жауапты жиындарда сөйлеген сөздерінде осы бағыттар жүйелі түрде айқындалып, нақты міндеттер белгіленіп келеді. Бұл – ел дамуының жоспарлы әрі жүйелі түрде жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

«Кеңесіп пішкен тон келте болмас» демекші, Халық Кеңесін құру бастамасы да осы реформалардың занды жалғасы. Қоғам мен билік арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам.

Қарағанды облысы аумағында Президент реформалары сәтті жүзеге асуда. Кеншілер өлкесіндегі 60-тан астам этномәдени бірлестік қоғамдық келісімді қамтамасыз етудің белсенді жүйелі тетігіне айналған. Бұл ұйымдар мәдени іс-шаралармен шектелмей, тілдерді дамыту, жастар тәрбиесі, қайырымдылық, қоғамдық диалог сияқты бағыттарда белсенді жұмыс жүргізуде.

«Ел болам десең, бесіңді түзе» демекші, жастар тәрбиесі – ел болашағының негізі. Қазіргі жастар білімді, ашық, бәсекеге қабілетті. Олар түрлі этнос өкілдерімен бірге өсіп, бірге білім алып, бірге еңбек етуде.

«1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» – қоғамдағы келісім мен тұрақтылықтың символы. Бұл күні біз өткенге баға бере отырып, болашаққа бағдар жасаймыз.

Өйткені, бірлік пен келісім – кез келген реформаның, дамудың негізі. Бірлік бар жерде – сенім бар, сенім жүрген жерде – тұрақтылық бар, ал, тұрақтылық салтанат құрса – өркендеуі болмақ.

Қазақстан халқы Ассамблеясы ел бірлігінің берік іргетасын қалап, тарихи миссиясын абыроймен орындады. Енді, сол іргетас негізінде жаңа кезең – Халық Кеңесі арқылы жалғасады. Бұл – бірліктің жаңа сапасы, ел дамуының жаңа белесі.

Алтыннан қымбат құндылық

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік желілер мен деректі фильмдердегі «қазақ бізді аман алып қалды», «сол бір кеңдікті ешқашан ұмытпаймыз» деген шынайы лебіздер әрбірміздің көңілімізді толқытпай қоймайды. «Қайырымы молдың қайтарымы мол» дейді дана халқымыз. Ел ішіндегі бүгінгі береке мен татулықты сол баяғы адамдық қайырымның заңды өтеуі десе дегендей.

Еңбек мерекесінен – елдік мұратқа

1 мамырдың тарихы – бір ғана елдің ауқымына сыймайтын, әлемдік деңгейдегі маңызы бар құбылыс. Жер шарының әр қиырында бұл күн әртүрлі сипатқа ие. Бірінде жаңару мен көктемнің жаршысы, бірінде еңбек адамның қадір-қасиетін ұлықтайтын сәт. Енді бір елдерде табиғаттың қайта түлеген мерекесі.

Советтік кезеңде бұл күн «Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы күні» ретінде зор сән-салтанатпен тойланғаны белгілі. Мындаған адамның қатысуымен өтетін шерулер, еңбек ұжымдарының кестіліктерін паш етуі және мерекенің екінші күні табиғат аясына шығып, думанды жалғастыру – сол дәуірдің бүгінгі жадында қалған айнымас дәстүрі еді. 1 мамырдың мазмұны қазақ сахарасына тек жалаң ұран түрінде келген жоқ. Ол ауыл тынысымен, ел ішіндегі берекемен және қазқы таныммен табиғи түрде астасып кетті. Мұның ең әсерлі көрінісін батыр Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» кітабынан көреміз.

Баукең өз еңбегінде ауыл адамдарының мереке мағынасын алғаш қалай қабылдағанын шебер суреттейді. Садық Абланов елге келіп, бұл күннің мәнін тек саяси ұрандармен емес, көктемнің шуағымен, адал еңбекпен, азаттық пен достықтың құнымен байланыстыра түсіндіреді. Ел-жұрт жаңа мерекенің құрметіне көкпар тартып, кейін бұл дәстүр ел жадында «Май көкпары» деген атаумен бекіп қалды.

Уақыт керуені ілгері жылжыған сай-



ын, мерекенің мазмұны да заман талабына сай өзгеріп, толыса түсті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бұл күнге мүлде жаңа қоғамдық-саяси мән берілді. Ел Президентінің 1995 жылғы 18 қазандағы Жарлығымен 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні болып жарияланды.

Осы сәттен бастап, бұл мейрам тек этносаралық келісімнің ғана емес, ортақ Отанға деген шексіз құрметтің символына айналды. Кешегі еңбекшілер ынтымағын әйгілеген күн бүгінде тұтас елдің биік тұғырын, берекесі мен татулығын ұлықтайтын мемлекеттік деңгейдегі ұлы мерекеге ұласты.

Кеншілер шаһарының шежіресіне үңілсек, бұл қаланың «бірлік» ұғымымен

тамырлас екенін аңғарамыз. Тарихтың тек жарқын беттерден тұрмайтыны секілді, Қарағанды өңірі – қуғын-сүргін жылдарының қасіретіне, КарЛАГ-тың ащы шыңдығына қанық өлке. Бүгінде осы қатпарлы шаһардың әр тасында сан түрлі ұлт өкілдерінің ізі сайрап жатыр. Кеншілер мен зауыттарда, құрылыс алаңдары мен ғылым-білім ошақтарында түрлі этнос өкілдері иық тіресе еңбек етіп, ортақ болашақтың іргесін қалады.

Шаңырақ шежіресі

Достық үйі 2015 жылғы 21 желтоқсанда ашылды. Төрт қабатты ғимарат этномәдени бірлестіктердің басын қосатын, қоғамдық келісім мен мәдениетаралық

диалогты дамытатын ортақ шаңырақ ретінде бой көтерді. Мұнда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының музейі, мәжіліс залы, тіл үйрену сыныптары, шығармашылық ұжымдарға арналған дайындық бөлмелері және 430 орындық концерт залы бар. Яғни, Достық үйі – тек әкімшілік нысан емес, этностардың тілі мен дәстүрін сақтауға, жастармен жұмыс жүргізуге, мәдени жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін көпқызметті орталық.

Тағы бір қызықты дерек. Ашылғаннан кейін бірнеше жыл ішінде Достық үйі бір шаңырақ астына ондаған этномәдени бірлестікті ұйыстырған маңызды алаңға айналып үлгерді. 2018 жылы деректерде мұнда 23 этнобірлестік жұмыс істегені айтылса, кейінгі мәліметтер бойынша, жалпы Қарағанды облысында 61 этномәдени бірлестік қызмет етеді. Олардың қатарында корей, неміс, шешен-ингуш, поляк, украин, татар-башқұрт, өзбек, эзербайжан, армян, грек, беларусь және басқа да этномәдени ұйымдар бар. Бұл бірлестіктер өз мәдениетін дәріптеп қана қоймай, ортақ қазақстандық бірегейлікті нығайтуға да үлес қосып келеді.

Бүгінде Достық үйі мереке күндері ғана еске түсетін ғимарат емес, жыл бойы тынысы үзілмейтін қоғамдық-мәдени кеңістікке айналған. Мұнда кездесулер, дөңгелек үстелдер, концерттер, көрмелер, тілдік және танымдық жобалар өткізіліп тұрады. Әсіресе, Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында бұл орталықтың маңызы айрықша сезіледі. Түрлі этнос өкілдері осы шаңырақ астында бас қосып, өнерін көрсетіп, дәстүрін таныстырып, ел ішіндегі татулықтың нақты көрінісін айшықтайды.

Таным мен тағылым

Өңірдің көпұлтты болмысы туралы сөз қозғағанда, осы ортаның тынысын сезініп, ыстық-суығына бірге төзіп жүрген тұлғалардың пайымы өте маңызды. Облыстық шешен-ингуш этномәдени бірлестігі «Вайнах» қауымдастығының төрағасы Увайс Джанаев бұл құндылықтың мәнін

тереңнен толғайды:

– Біз үшін Қарағанды – барлық ұлт өкілдерінің маңдай терімен, адал еңбегімен тұрғызылған бірліктің символы іспетті. Сондықтан, біздің басты байлығымыз – осы көпұлтты ортадағы шынайы сыйластық. Қазіргі жастар барлығы дайын, жайлы ортада өсіп келеді. Бірақ, олар ата-бабаларымыздың ең ауыр кезеңдерде бір-бірімен нанды бөлісіп, бір-біріне қол ұшын созғанын білуі тиіс. Бізге айтқан көнекөз ақсақалдардың ғибратты әңгімелерін жастардың да санасына сіңірсе ғой, шіркін. Тарихи жадыны жаңғыртудың таптырмас құралы болар еді, – дейді Увайс Хаважиевич.

Мерекенің мазмұнын тек салтанатты іс-шаралармен шектемей, оның тәрбиелік мәніне үнілу – бүгінгі күннің басты талабы. Облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» бөлімінің маманы Бақыт Елеукеңнің пайымдауынша, 1 мамырдың астарында жатқан тарихи шындық мектеп партасындағы баладан бастап, аудиториядағы студенттің санасына дейін жетуі тиіс.

– Егер мереке тек концертпен басталып, концертпен аяқталса, оның рухани салмағы көмескіленіп қалуы мүмкін. Біздің басты мақсатымыз – сол қатпарлы тарихты жастарға жеткізу. Шындығында, бүгінгі міндет – жаңадан зәулім ескерткіштер іздеу емес, бар тарихи жадыны сақтап қалу. Достық үйі, «Қазақ еліне мың алғыс» монументі және Қарағандының еңбек пен қуғын-сүргін тарихымен сабақтас орындары біртұтас танымдық бағытқа айналуы қажет, – деді Бақыт Баянқызы.

Бірлік көзге көрінетін нысан емес. Бірлік – көңілге орнығатын шынайы ғибрат. Оның түп мәнінде қазақтың кең пейілі, түрлі этностардың ортақ еңбегі және қиын-қыстау күндерде үзілмеген адамдық байланыс жатыр. Біз сақтауға тиіс басты құндылық та – осы. Бүгінгі бейбіт күннің қадірі, ата-бабалар аманаты.

Сурет «Достық үйінің»
баспасөз қызметінен

• АРАЛДАН ЖЕТКЕН АЛҒЫС

Жанкешті жапон қызы

Құнығы елінің Осака қаласының Ұлттық мұражайында ұйымдастырылған қазақ көрмесінде өзіміздің Бұқар жырау ауданындағы Үміткер ауылында тұрған марқұм Ұрқия әжемнің қарсақ ішігі де ілулі тұр. Бұл мәліметті маған жуырда жолыққаныма, осы ауылда бірге туып-өскен жерлесім, Ұрқия әжемнің немересі Зақария Әшімханов айтты, сол мұражайдан түсірілген суреттерді көрсеткен еді.



ERJAN ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның айтуынша, әжесі атақты жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романының бас кейіпкері, өзі де жазықсыз жалаңның құрбаны болған Қартқожа Жананұлы Тоғанбаевтың (...1896-28.02.1938 ж.ж.) туған қарындасы екен де, атасы кезінде Семей мұғалімдер семинариясын бітіріп, соғыс жылдарында Үміткер ауылының жеті жылдық мектебінде директор болып, кейін осында еңбек пеннен сабақ берген Әшімхан Жүнісұлы болып келеді. Әшекең марқұм 5,6-сыныптарда осы пәннен бізге де ұстаздық еткен.

Бұл екі кісінің ісмерлігі мен шеберлігін ел әлі күнге жыр қылады. Әшекең ағаштан түйін түйіп, ертоқым, атшана, ыдыс-аяқтын, неше атасын жасап, теріні баппен илесе, Ұрқия анамыз одан ішік, тон тігіп, сырмақ сырып, текемет илеп, алаша да тоқыған. Сондағы қарсақ терісінен тіккен ішігін өзі қайтыс болғанда абысыны Зәбира көзіндей көріп жүру үшін алып, ол дүниеден көшкенде көршілес Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Теңдік (қазір Мұса Шорманұлы) ауылында тұратын бауыры Саяттың келіншегі Жұмақұл ие болады. Кейін оны жаңа ғасырдың басында осы өңірде қазақ халқының салт-дәстүрін зерттеуге келген жапондық ғалым қыз Токо Фудзimoto ат-түйедей қалап алып, өз елінегі Ұлттық мұражайға апарып қойыпты.

Токоның бұл жаққа келуінің өзі бір хикая. Ол 1975 жылдың 20 қыркүйегінде Жапонияның Миаги

префектурасында (бізше – облыс) туып-өсіп, Киото университетінің этнография факультетін бітіріп, соның аспирантурасына түседі. Консерватория бітірген шешесі Суоко студенттерге пианино да ойнауды үйретіп, 2003 жылы қайтыс болса, қазір 81 жастағы әжесі, экономика ғылымдарының профессоры Туоши Фудзimoto Аокото университетінде жұмыс істейтін көрінеді.

Отбасындағы жалғыз бала болса да Токо еркелікке бой алдырмай, ғылымға ден қойып, аспирантурада «Қазақ халқының салт-дәстүрлерін» ғылыми жұмысының тақырыбы қылып, енді соның соңына түсу үшін Қазақстанға баруға бел байлайды. Мұндағы талап бойынша зерттеуші сол барған елінде кемінде бір жарым-екі жыл тұруы керек екен.

«Жолы болар жігіттің женгесі шығар алдынан» демекші, 2002 жылы Алматыдағы Шығыстану ғылыми-зерттеу университетіне алғаш келгеннен оның сол кездегі директоры, тарих ғылымдарының докторы Меруерт Әбусейітова жақсы қарсы алып, ғылыми жұмысына өзі жетекшілік ететін болып, бұған Павлодар облысына, соның ішінде, қаймағы бұзылмаған қазақы өңір Баянауыл ауданына баруға кеңес беріп, жолбасшылыққа жанына ғалым Айтжан Нұрманованы қосады.

Содан бұл екеуі Павлодар қаласында әулие Мәшһүр Жүсіп


Көпеевтің немересі, жазушы, ғалым марқұм Қуандық ағамыздың үйінде болып, оның ғалым балалары Гүлназ, Ертай, Нартай, Естай мен танысып, одан әрі Баянауылдың бұрынғы Жаңажол (қазір Мәшһүр Жүсіп) ауылындағы Мәшекең кесенесіне соғып, аудандық әкімдікке барады. Онда сапарларының мақсатын білген әкімдік қызметкерлері бұларды жиналысқа келген Теңдік орта кері қайтып, әуелде бұл да келіп-кетіп жүріп, ақыры 2003 жылдан

мектебінің директорына ертіп, ілестіріп жібереді.

Міне, сол жолы ауыл мектебінде болған кездесуде тарих пәнінің мұғалімі Жұмақұл Ахметова мұны үйінде тұрғызуға келісім беріп, Айтжан Нұрманова

2005 жылға дейін сол шаңырақта уақытша тұрақтайды. Жұмақұл жеңгеміз бен жұбайы Саят ағамыз біршама мезгілден кейін мұны өз баласындай көріп, әбден бауыр басып кетеді.

– Токо бізге алғаш келгенде



өзімен бейнебайланыс арқылы хабарластым. Сонда ол менімен еш мүлтіксіз, таза қазақша сөйлесті. Қазір жоғарыдағы Осака қаласындағы Ұлттық мұражайда доцент болып істейтін ол мұнда келетін студенттерге дәріс оқып, ғылыми жұмыстарына жетекшілік ететін көрінеді. Мұндағы мұражайда 1980 жылы ашылған Орта Азия бөлімінің қорында қазақ халқының тұрмысы мен салт-дәстүріне байланысты 450 экспонат болса, соның 80-і қазақ көрмесі қойылса, ішінде біз айтқан Ұрқия әжемнің қарсақ ішігі де бар. Осында тұрған самаурын, сырмақ, алаша, тұскізі, кезінде Саят ағамыз бен балалары жатқан бесікке дейін Токоның өзі сонан қияндағы Теңдік ауылынан Жапонияға алып келіпті.

– Маған бұл артефактілерді жинауға Жұмақұл тәте мен Саят аға, ауыл тұрғындары көмектесіп, жүк машинасымен Алматыға дейін жеткізіп салып, әрі қарай еліме ұшақпен әкеттім.

Жалпы, сіздің қазақ халқы қонақжай, меймандос ел екеніне көзім жетіп, әсіресе, жатқан тұрғаным мен ішкен-жегеніме бір тыын да талап етпеген Жұмақұл тәте мен Саят ағатайыма шексіз ризамын. Олар менің туған әкешемдей болып кеткен жандар. Тіпті, 2003 жылы шешем қайтыс болғанда, менімен бірге қайғырып, жұбатқан да солар. Амандық болса, осы жаз сіздер жаққа барып қайтпақ ойдамын. Қазір егтеп ауырыңқырап, ем алып жүрмін, – деді Токо сөзінің соңында қазақшасынан жаңылмай.

Мен де оның сауығып кетуін тілеп, «Ұшығынан сақтасын!» дегенім сол, ол осы сөзімді қайталап айтып айтқызып, оның мағынасын жазып алды. Міне, осыдан кейін сонан қиыр шығыста жүріп халқымыздың салт-дәстүрін дәріптеп, тілімізді құрметтеген жапон қызына қалай разы болмасқа?!

ҚАРАҒАНДЫ-БҰҚАР ЖЫРАУ-БАЯНАУЫЛ-ҚАРАҒАНДЫ

Суреттерді Токоның өзі Жапония Ұлттық мұражайынан және өз мұрағатынан жіберген

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Бірлікке бастайтын бір күн

1 мамыр – Қазақстанда ғана емес, әлемнің көптеген елінде аталып өтетін күн. Бірақ, бұл мейрамның мазмұны әр мемлекетте әртүрлі санатта.

Мәселен, Нидерландыда сәуір айының соңында «Қызғалдақтар» фестивалі басталады. Бұл ел үшін көктемнің келуі мен гүл маусымының ашылуы ерекше мәнге ие. Ал, Финляндияда 1 мамырдың екінші атауы – «Бостандық күні». Бұл мереке ел тұрғындары үшін еркіндік пен шаттықтың нышаны.

Швейцария, Чехия, Словакия, Венгрия елдерінде де 1 мамыр өзіндік дәстүрмен аталады. Мысалы, Швейцарияда 30 сәуірге қараған түні жас жігіт сүйіктісінің терезесінің алдына жас емен ағашын отырғызып кетеді. Бұл да жүрекжарды тілек пен ізгі ниетті білдіретін көне дәстүр.

Оңтүстік Кореяда бұл күн Будданың туған күнімен тұспа-тұс келіп, рухани мереке ретінде аталады. Ал, Оңтүстік Африка Республикасында 1 мамыр еңбекшілер мерекесі ретінде тойланып, бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Италияда бұл күннің тамыры көне римдік дәстүрлермен сабақтасады. Ежелгі римдіктер гүл мен көктем құдайы Флораға табынып, «Флориалия» фестивалін өткізген. Сицилияда 1 мамырда адамдар бір-біріне түймедақ сыйлайды. Аңыз бойынша, түймедақ адамға бақыт әкеледі.

Францияда 1 мамыр ресми мемлекеттік мереке. Бұл елде еңбекшілердің өз құқы қорғауға арналған бұқаралық шерулері осы күнге дейін жалғасып келеді. Ұлыбританияда да 1 мамыр еңбек, береке және ырыс күні ретінде аталып өтеді.

Өз тілшімізден

• ӨНЕГЕ

Достықты тіл арқылы дәріптеген...

Тіл – халықтың жаны, достықтың алтын арқауы. Бүгінде қазақ тілін мемлекеттік деңгейде ұлықтап, ұлтаралық татулықтың ұйытқысы болып жүрген азаматтардың қатары артып келеді. Солардың бірегейі – ұлты неміс болса да, жүрегі «қазақ» деп соққан ұлағатты ұстаз Ольга Тим. Ол сегіз жасынан шәкірт тәрбиелеп, тіл жанашырына айналған кейіпкеріміздің қиындықтары мен еңбек жолы көбімізге үлгі.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көпшілік үшін өзге ұлт өкілінің қазақ тілінде еркін сөйлеуі әлі де таңсық көрінуі мүмкін. Сол себепті де, Ольга Тимнен «Тілді қалай үйрендіңіз?» деп сұрайтындар көп. Осакаров ауданы, Шұңқырқөл ауылында өмірге келген кейіпкеріміз қарадомалақ қазақ балаларымен ойнап өскендіктен, тілді еркін меңгергенін айтады. Бала Ольганың мектептегі ең сүйікті пәні – қазақ тілі болыпты. Ал, бесінші сыныптан бастап, «Мұғалім боламын!» деген асыл арман оны алға жетеледі.

Орыс мектебін бітірсе де, Ольга Германовна болашақ мамандығын таңдауда еш мүдірген жоқ. Сенімді түрде қазақ тілі пәнінің мұғалімі болуға бел буды. Қарағандыдағы «Болашақ» колледжінің бірінші курсына аяқтаған соң, алғашқы педагогикалық тәжірибеден өтуді «Пионерское» ауылындағы мектепте бастайды. Ол жерде әпкесі мен жездесі (алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі) қызмет ететін. Дәл осы жерде жас маманның өмірі күрт өзгереді.

Мектептің сол кездегі басшылығы



екі тілді де жетік білетін, бала тілін таба алатын дарынды, талапты қызды бірден байқайды. Мектеп директоры Ольгаға сырттай бөлімге ауысып, бірден жұмысқа қалуды ұсынады. Осылайша, небәрі 18 жасында Ольга Германовна өзінің ұстаздық жолын қазақ тілі мұғалімі ретінде бастайды.

Колледжді аяқтаған соң, білімін «Bolashaq» академиясында жалғастырады. Оның ізденімпаздығы мен қоғамдық белсенділігі елеусіз қалған жоқ. 2012 жылы Қарағанды облысы әкімінің дәстүрлі «Қайнар» жастар сыйлығының «Жыл студенті» номинациясын жеңіп алды. Осы жетістігінен кейін оған магистратураға

грант ұсынылса да, Ольга «Менің орным – жоғары оқу орнында емес, мектептегі шәкірттеріміздің жанында» деп, ғылым жолынан гөрі жанына жақын ұстаздық жолды таңдайды.

Сегіз жыл бойы ауыл мектебінде шыңдалған ұстаз, тұрмыс құрғаннан кейін облыс орталығына қоныс аударады. Қарағанды қаласындағы №21 орта мектепте мұғалім және аға тәлімгер болып қызмет етіп, кейіннен біліктілігін арқасында Қ.Сәтбаев атындағы гимназияда директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары лауазымына дейін көтеріледі. Бұл жылдар ішінде ол облыстық және республикалық деңгейдегі көптеген байқаулар-

дың шыңын бағындырды. Әсіресе, «Тіл жанашырлары» байқауының «Тіл білгірі» аталымында үздік шығуы оның көпжылдық еңбегінің лайықты бағасы еді.

Бір қызығы, Ольга Германовнаның отбасы да – көпұлтты. Анасы – украин, әкесі – неміс. Ал, өмірлік серігі – қазақ азаматы. Тіпті, енесі де – неміс ұлтынан.

– Шаңырағымызда қазақтың барлық салт-дәстүрін ұстанамыз. Наурыз көже әзірлеп, жеті шелек пісіреміз. Қазақ отбасына келін болған соң, мұнымыз – үйреншікті үрдіс. Балаларымызға барынша неміс дәстүрлерін де үйретеміз. Біліп өскеннің артықшылығы жоқ, – дейді ол.

Ольга Тимнің қоғамдағы қызметі мектеп қабырғасымен шектелмейді. 2019 жылдан бастап, ол Достық үйі жанындағы «Мәміле» клубының жұмысына белсене араласып, мемлекеттік тілді үйренуге құштар жандарға дәріс береді. Клубтың ерекшелігі – тілді ереже, емелер арқылы емес, халқымыздың тарихы мен мәдениеті арқылы меңгертуінде.

Бүгінде клубқа келушілердің қатары күн сайын көбейіп келеді. Олардың арасында балабақша тәрбиешілерінен бастап, зейнеткерлерге, танымал әртістер мен қарапайым такси жүргізушілеріне дейін бар. Ольганың пайымынша, Қазақстанда тұратын әрбір азамат мемлекеттік тілді білуге міндетті. Өйткені, тіл – халықтың жаны, достықтың дәнекері.

Түйіндей келгенде, Ольга Германовнаның өмір жолы мемлекеттік тілді меңгеру тек қажеттілік қана емес, ол Отанға деген шексіз құрметтің белгісі екенін ұқтырады. Оның әрбір шәкірті мен әрбір шәкіртіне берген тәлімі – еліміздің жарқын болашағы мен мызғымас бірлігіне қосылған қомақты үлес.

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

Мен атамды айтып мақтанамын...

Әшім Саршолоқов, әжем тыл ардагері Қаншайым Әбдірайымова Бакты совхозы Абыз бөлімшесінде сол ауылдың өркендеуіне өзінше үлес қосқан жандар еді. Атам майдан даласында қан кешіп, Отан үшін отқа түссе, қырда бел жазбай еңбек еткен ерен жанның қатарында осы әжем де болды.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген даналық сөз бар қазақта. Сол ұрпақтың бойына тектілік пен даналықты, адамгершілікпен адал қасиетті құятыны аян. Біздің де ата-әжеміз ұрпағына тек жақсылықтың дөнін септі. Биыл атам мен әжеге арнап, Құран бердік. Осы Құранда Абыз ауылының тұрғындары, туған-туыстары, құдалары, сыйлас көршілері сағынышпен еске алып, жылы сөздерін жеткізді.

«Көкірегі көмбе, жаны жайсаң, адамгершілігі мол, ақылшымыз, парасатты, еңбек адамының игілігі мен мүддесі жолында аянбай еңбек еткен, аяулы да ардақты ата мен әжелерін еді» десті.

Атам – Ұлы Отан соғысының ардагері, әжем – соғыс жылдары 16 жасынан тылда аянбай еңбек еткен екен. Көзкөргендердің естеліктерін санама сініріп, Женіс күні қарсаңында ата-әжемнің аруағына тағзым етемін.

Құшағы кең даладай дархан атам,
Тұлғасы таудай болған асқар атам.
Бүгінгі Құран-дұға қабыл болып,
Ұрпағына нұрын төксің Хақ Тағалам!

Белдеуінен атамның ат кетпеген,
Ақ әжемнің алдынан ас кетпеген.
Айтады ауылдастар, ақсақалдар
Сол үшін де ағайын құрметтеген.

Ел ардақтап, сыйлы болған ағайынға,
Болыпты досқа бауыр, туысқан
талайына.
Қастарында жүрер едім құлындай боп,
Таусылды дәмі, қайтеміз амал бар ма?!

Кеудесін елі үшін оққа тосқан бабам,
Майдангер, батыр жүрек менің атам.
Еңбекте де жаңғырат ерлік жолы,
Оны мен мына жұртқа жыр ғып айтам.

Өмірлері бізге – өнеге, зор ұлағат,
Ата сенім ақтай білу – бізге мұрат.
Ата-әжемнің ақ батасы қабыл болып,
Жарқырасын әрдайым нұр-болашақ!

Әлітөре ӘШМОВ,
ардагердің шөбересі

• ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

Ғасыр жүгін арқалаған ғұмыр

Сарыарқаның сайын даласында сәулетті ғимараттар мен өндіріс ошақтарына зер салсаңыз, олардың әрқайсысының артында мыңдаған адамның маңдай тері мен табанды еңбегі жатқанын аңғарасыз. Сол еңбек майданында ерекше із қалдырған, өз ғұмырын туған өлкеңіз өркендеуіне арнаған азаматтардың бірі хәм бірегейі, құрыш білекті құрылысшы, іскер ұйымдастырушы – Қабығали Кенежанұлы Кенежанов. Оның өнегелі өмір жолы – тұтас бір дәуірдің айнасы, ел дамуының шежіресі.

Қабығали Кенежанұлы – 1936 жылы 8 мамырда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Қаратал ауылында, қазіргі Шабанбай би ауылында дүниеге келген. Бұл – ел өміріндегі күрделі кезеңдердің бірі болатын. Соғыс алдындағы ауыр жағдай, соғыстан кейінгі тұрмыстық қиындықтар ауыл балаларының ерте есейіп, еңбекке араласуына себеп болды.

Осындай жауапты кезеңде, еңбектің қайнаған ортасында өскен Қабығали Кенежанұлы жастайынан еңбекке бейім, төзімді, жауапкершілігі жоғары болып қалыптасады. Ауылдағы қарапайым тіршілік, үлкендердің өнегесі оның мінезін шыңдап, болашақта қиындыққа мойымайтын қайсар азамат болып қалыптасуына негіз қалады.

Мектеп қабырғасында жүріп-ақ, ол техникалық пәндерге ерекше қызығушылық танытып, нақты ғылымдарға бейімділігін көрсетті. Бұл қасиет оның болашақ мамандық таңдауына тікелей әсер еткені анық.

1955 жылы орта мектепті аяқтаған соң, Қабығали Кенежанұлы Балқаш тау-металлургия техникумына оқуға түседі. Ол кезде Балқаш өңірі еліміздің индустриялық дамуының маңызды орталықтарының бірі болатын. Сондықтан, бұл оқу орны жас мамандарды өндірістің алдыңғы шебіне дайындайтын белділігі білім ордаларының бірі саналды.

«Кен технигі» мамандығын игеру барысында ол тек теориялық біліммен шектелмей, өндірістік тәжірибеден өтіп, нақты еңбек жағдайымен таныса бастайды. Бұл оның кәсіби тұрғыда ерте қалыптасуына мүмкіндік бергенін атап айту керек.

Техникумдағы оқу жылдары оның бойындағы тәртіп, жауапкершілік, ұқыптылық сияқты қасиеттерді одан әрі жетілдіре түсті.

1958 жылы оқуын аяқтаған жас маман еңбек жолын Жезқазған кен басқармасының шахтасында тау-кен шеберінің көмекшісі болып бастады. Бұл – нағыз еңбек мектебі еді. Өндірістегі әр күн оның тәжірибесін арттырып, кәсіби тұрғыда шыңдай түсті.

Алайда, көп ұзамай оның ұйымдастырушылық қабілеті мен білімін бағалаған басшылық оны педагогикалық қызметке шақырды.

Осылайша, 1958-1961 жылдары Қарағанды облыстық білім басқармасына қарасты №13 колөнер училищесінде өндірістік оқыту шебері болып еңбек етті. Бұл жерде ол жас жұмысшыларды даярлап, оларға кәсіби білім бере отырып, ең-

бекке деген жауапкершілік пен тәртіпті де үйретті.

1961-1963 жылдары №8 колөнер училищесінде осы қызметін жалғастырып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болды. Бұл қызмет оның ұйымдастырушылық қабілетін айқындап, басқарушылық тәжірибесін қалыптастырды.

Ал, 1963 жылдан бастап, Қабығали Кенежанұлы құрылыс саласына түбегейлі бет бұрады. Бұл кезең Қазақстанның индустриялық дамуы қарқын алған уақыт еді. Жаңа қалалар салынып, ауылдарда әлеуметтік нысандар көптеп бой көтеріп жатқан шақ болатын.

1963-1970 жылдары ол Балқаш қаласы мен Қарағанды облысының түрлі аймақтарындағы құрылыс нысандарында еңбек етті. Ақтоғай аудандық құрылыс басқармасында Қаратал ауылында аға прораб ретінде көптеген маңызды жобаны жүзеге асырды.

Қабығали Кенежанұлының басшылығымен Қаратал, Жәмші, Қызыларай ауылдарында мектеп, интернат, қазандық және трактор жөндеу шеберханалары салынды. Бұл нысандар ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсартып, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға зор үлес қосты.

Сонымен қатар, Шет ауданындағы «Путь коммунизма» совхозында 3000 бас ірі қараға арналған ферма, Ақадыр кентінде аурухана, Бидайық құс фабрикасы сияқты ірі жобалар іске асырылды. Бұл жұмыстар оның кәсіби шеберлігімен қатар, үлкен жобаларды басқару қабілетін де айқындады.

Кейін 1971-1982 жылдары Қабығали Кенежанұлы «Прибалкашстрой» тресінде жауапты қызметтер атқарып, кәсіби тұрғыдан қалыптасып, тәжірибесін толықтырды.

Кәсіби мансабында аға прорабтан бастап, басқарма бастығына дейінгі барлық сатыдан өтті. Әсіресе, өндірістік-техникалық бөлімнің бастығы және бас инженер қызметтерінде құрылыс сапасын арттыруға, жоспарлы жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға ерекше мән бергенін атап айтқан жөн.

Осы жылдары оның басшылығымен Балқаш қаласының №19 және №32 шағын аудандарында көпқабатты тұрғын үйлер салынып, қала тұрғындарының баспана мәселесін шешуге сүбелі үлес қосылды.

1982 жылы Қабығали Кенежанұлы «Жәйремиястрой» тресіне ауыстырылды. Мұнда ол №1 көшпелі құрылыс ұйымында бас инженер, кейін №2 көшпелі құрылыс ұйымында бас инженер және басшы қызметтерін атқарды.



Суретте: кейіпкер мен автор. Алматы қаласы, 2012 жыл

Бұл кезеңде құрылыс жұмыстары қатаң бақылауда болды. Барлық нысандар жоғары талаптарға сай, белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі тиіс еді. Қабығали Кенежанұлы осы талаптарды орындауда ерекше табандылық пен іскерлік танытқан білікті маман болды.

Оның басшылығымен Жәйрем өңірінде «Үшқатын» кен орны, кен байыту фабрикасы, түрлі инженерлік жүйелер іске қосылып, жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салынды.

Кейін трест басшысының орынбасары ретінде Ақтоғай, Шет, Ақадыр, Жаңаарқа аудандарындағы құрылыс жұмыстарына жетекшілік етті.

1993 жылы «Жәйремиястрой» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Ел экономикасы өтпелі кезеңді бастан өткеріп жатқан қиын уақытта өндірістің тоқтап қалмауына да елеулі үлес қосты.

Уақыт өте келе 1995 жылы «Үй құрылысы комбинатының» бастығы ретінде тұрғын үй құрылысына басшылық жасады.

1995-1996 жылдары «Балқашқұрылыс» АҚ-да, ал, 1996-1997 жылдары «Дәурен» кооперативінде қызмет атқарып, жаңа экономикалық жағдайға бейімделген құрылыс саласының дамуына атсалысты.

Қабығали Кенежанұлының қажырлы еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Атап айтсақ, 1966 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1967 жылы Құрмет грамотасымен, 1974 жылы «Социалистік жарыс жеңімпазы» белгісімен және 1990 жылы Құрмет грамотасымен марапатталды.

Қабығали Кенежанұлы кәсіби маман әрі жоғары адамгершілік иесі болды. Әділдігімен, қарапайымдылығымен, талашылдығымен ерекшеленді.

Асыл жарымен бірге 5 бала тәрбиелеп

• МАНАРБЕК ЕРЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

Ұлт өнерінің дүлдүлі ұлықталды

Сарыарқаның сақи даласы қазақтың маңдайына талай дүлдүл өнерпаздарды жарқыратып дүниеге әкелді. Ән мен жырдың алтын қазығы болған Ақтоғай ауданының өзінен руханиятқа үлес қосқан кесек тұлғаларды жіпке тізгендей баян ете беруге болады. Солардың бірі хәм бірегейі, алуан қырлы талант иесі – Манарбек Ержанов. Биыл туғанына 125 жыл толған тұғырлы тұлғаның мерейтойына орай Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде «Ұлттық өнердің үнін асқақтатқан Манарбек Ержанов» атты ән кеші өтті.

Магжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Саналы ғұмырында сахна саңлағына айналған сайыпқыранның шығармаларын Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік әртістері мен Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенттері шырқады. Мерекелік бағдарламаның шымалдығы «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің орындауындағы «Дайрабай» күйімен түрліліп, ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан өнер иесінің өмірі мен шығармашылығына арналған арнайы бейнеролик көрсетілді.

– Манарбек манаратқан әндердің сөзі көбіне сол кездегі Совет дәуіріне лайықтап жазылған. Сол әндерді замана көшінен қалдырмай, бүгінде қайта жаңғырту қажет. Өнер тарланының шығармашылығын зерттеу әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Ол – әншілігінен бөлек дәулескер күйші. Сахна саңлағы ретінде «Қыз Жібектегі» Шегеден бөлек, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсындағы Әзімнің (Ажарды – Күләш сомдаған) бейнесін сомдап, көрермендерін тәнті ет-

кен озық образ иесі ретінде тарихта қалды. Биылғы мерейтойына орай республикалық байқау өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді дүлдүл әнші, Манарбек әндерін насихаттаушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әркенов.

Манарбекті қалың елге кеңінен танытқан Мәскеудегі қазақ мәдениетінің онкүндігі екені хақ. Сол мәдени мерекеледе опера сахнасында шырқаған әйгілі «Шегенің ариясын» бұл кеште Медет Осатай өз нәшіне келтіріп орындады. Манарбек Ержанов – өткен мен бүгіннің өнерін өрістеткен өр тұлға. Ол Жауа Мұса, Естай Беркінбайұлы, Иса Байзақов сынды сал-серілердің мұрасын өзіне тән мәнерімен шырқап, бүгінгі ұрпаққа жеткізді. Өз алдына жеке бір мектеп қалыптастырған тұлғаның әнін насихаттап жүргендер қатары бүгінде аз емес. Айта кетейік, сазгердің көптеген әндерінің сөзін ақиық ақын Тайыр Жароков жазған.

Ән кешінде Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенттері де тоғе көрсетіп, өнерге деген құлшыныстарын паш етті. Манарбек



Ержановтың «Біржан салға» әнін Аязжан Ақеева, «Амангелді батырға» әнін Нұрғанибет Нұрғазы, «Бақыт жыры» әнін Динара Төлеубекова, Естайдың «Қорланын» Алтынбек Жиенбаев әулетті. Халық әні «Сметті» Нұрлытаң Саятқызы, Иса Байзақовтың «Желдірмесін» Бекарыс Амангелді, Мәкеннің «Көк көгершін» әнін Ақерке Оралханова шырқады.

Сонымен қатар, «Қойшының әнін» Рншат Шабаденов, «Паровоз» әнін Құрмаш Ыбыш, «Жұмысшылар» әнін Дәуренбек Әркенов

нақышына келтіре орындаса, «Қуанамын» әнін Дана Мақанова, ал, Жауа Мұсанов «Ақсисаның», Саян Мұздыбай шарықтата шырқады.

– Біз шама-шарқымыз жеткенше ұлт тұлғаларының мерейтойын кеңінен қамтып, қалыс қалдырмауға тырысамыз. Осындай рухани кештерге халық сусап жүр. Өнер саңлақтарын еске алып, олардың шығармашылығын қайта жаңғырту – мәдениет майдандарының азаматтық борышы. Зал лық толы болғаны көңіл қуантады. Елбегіміз

еленіп, көрермен көңілінен шығып жатса, жұмыс істеуге одан әрі құлшына түсеміз, – деді мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі Нұрсұлтан Рымбай.

Кештің соңы бәрі асыға күткен, Манарбектің Күләш қарындасына (Байсейітова) арналған сырлы «Сайра бұлбұл» әнімен түйінделді. Ән қалықтаған кеш соңында барлық өнерпазға «Теміржолшылар» мәдениет үйі басшысының арнайы Алғыс хаты табыс етілді.

Суретті түсірген автор

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

«Бала Қазыбектің» бейнесі

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бой көтерген білім ошақтары бүгінде заманауи инфрақұрылымымен ғана емес, мазмұнды тәрбие жұмысымен де ерекшеленді. Солардың бірі – Бьлттырғы оқу жылында ғана есігін айқара ашқан №28 мектеп. Білім ордасы алғашқы оқу жылының қорытынды есебі ретінде әрі қастерлі Тәуелсіздіктің 35 жылдығына тарту ретінде «Бала Қазыбек» тарихи қойылымын сахналады.

– Жыл басынан бері оқушылар мен мұғалімдерді бір сахнаға тоғыстыруды мақсат еттік. Жаңа мектеп болғаннан кейін, мұнда соны соқпақ, жанашылдық болуы тиіс. Қазір бізде домбыра, би және шығармашылық бағыттағы журналистика үйірмелері жұмыс істейді, – дейді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұлдыз Ақбаева.

«Бала Қазыбек» қойылымы көрерменді Тәуке хан тұсындағы қазақ-жонғар арасындағы күрделі кезеңге жетеледі. Сахнада қазақ сұлтандарын тұтқыннан босатып алу үшін Қонтайшының алдына барған жас Қазыбектің тапқырлығы, ұқтыр шешімдері мен айбынды сөзі шебер суреттелген.

Өз тілшімізден

• ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

Ерлік пен елдіктің тұғырлы тұлғалары

Адамзат тарихындағы ең бір қатыгез кезең атанған уақыт – Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары еді. Қаншама боздақ майдан даласында жер жастанды. Мыңдаған бала жетім, миллиондаған шаңырақ асыраушысыз қалды. От пен оқтың арасында өткен төрт жыл уақытта Қазақстанның өзінен 1,2 миллионға жуық сарбаз қатысып, олардың тең жартысы туған жеріне оралмаған. Аман қалғандары елге жаралы қайтып, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстарына бел шеше араласқан екен. Міне, биыл еліміз осынау сұрапыл кезеңнің аяқталғанын айшықтайтын Жеңістің 81-ші көктеміне қадм басқалы тұр. Өкініштісі, жыл өткен сайын жаңбырша жауған оққа кеудесін тоса жүріп, жанқиярлық ерліктің ерен үлгісін көрсеткен майдангерлер мүлде таусылса, бесіктен белі шықпай жатып қара жұмысқа жегілген тыл ардагерлерінің санды азайып барады. Біздің қолдан келері жау жүрек ата-әжелеріміздің рухтарына тағзым жасап, олардың ерен істері мен ерліктерін кейінгі буынға үлгі-өнеге ету болмақ.

Солардың бірі хәм бірегейі, Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек майданы, жерлесіміз – Құлсары Ахметжанұлы еді. Құлсары өткен өміріне көз тастаған жан нағыз елім, жерім деген арда азаматтың асыл бейнесін және адалдық пен адамгершіліктің асқақ тұғырын көретіні ақиқат.

Құлсары Ахметжанұлы – 1919 жылы Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылында дүниесігін ашқан. Орта мектепті аяқтап, аудандық сауда ұйымында еңбек етіп жүрген жиырма жасар бозбала жігітті 1939 жылы әскери комиссариат Отан алдындағы борышын өтеуге шақырады. Әскери міндеті тәмамдалуға жақын қалғанда сұрапыл соғыс басталып, 49-шы армияның №238 гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамында майдан даласына аттанады. Қар жастанып, мұз құрсаған жылдарда жалынды азамат ерлік көрсетіп, взвод командирі, кіші лейтенант шеніне көтеріледі. 1942 жылғы неміс фашистерімен кескілескен кезекті бір ұрыста көзінен ауыр жараланып, госпитальға жеткізіледі. Бір көзіне тиген жаракат екінші сынарына әсер етіп, ақыры Мәскеу, Красноярск қалаларындағы емханаларда ұзақ уақыт ем алып, бірінші топтағы мүгедек ретінде елге оралады. Майдан даласындағы ерліктері ескеріліп, «Отан соғысы» орденімен, «Мәскеуді қорғағаны үшін», «Германияны азат еткені үшін» ордендеріне ие болып, кейіннен бейбіт заманда Ұлы Жеңістің әр жылдардағы мерекелік медальдарымен марапатталады.

Туған жеріне мүгедек болып келген жауынгердің тәні жараланса да, рухы сынбайды. Соғыс салған зардап, тұрмысты тұрлатып, халықтың жағдайы



өте төмен тұрған қиын шаққа тап болады. Елде бас көтерер азамат саусақпен санарлық. Көпшілігінен «қара қағаз» келіп, күнде жоқтау мен аза айтылған аласапыран кезеңде Құлсары ағамыз да үйде бос жатуды ар санап әр жерге барғанымен жұмысқа ала қоймайды. Бір көзі көрмейді, екінші көзі де бүлдірып көреді. Ақыры аудандық кино жүйесінде есепші болып жұмысқа тұрады. Осы жылдары өмірлік серігі Секербану Абзалбекқызымен отау құрып, шаңырақ көтереді. Киножүйесі мекемесінде жемісті еңбек жасап, кейіннен аудандық мал өнімдерін дайындау мекемесінде есепші-кассир болып қызметін жалғастырады. Қос жанары жалғанның жарығын толық көрмесе де өзінің туа біткен зеректігімен, дара сезімтал алғырлығымен және жадның мықтылығымен есеп-қисап, кассирлік 30 жыл еңбегінде бір тындыр артық-кем қылмай қалтқысыз жұмыс жасауы талайдың таңдайын қақтырып, таңғалдырған ерекше оқиға еді. Мандайына жазған ғұмырының



соңына дейін осы жұмысты адал да абыройлы атқарып, әріптестері мен қара орман халқының сый-құрметіне бөленеді. Абзал атаның көпшілікті, бауырмалдығы ағайын-туысқа деген қамқорлығы керемет болған. Үлкен-кішінің тілін таба білетін, көңілі көлдей, жаны жайсаң адам еді. Ешкімді бөліп-жармай, туған бауырындай көретін. Алыс-жақын туыстарының балалары ұлап-шулап сол үйде жатып оқитын. Үйінен қонақ үзілмеген. Жолдастары: Жұмал Балықов, Картай Ермекебаев, Қадірбек Халилин, Әбшит Айтжанов, т.б. үйлеріне жиналғанда бір мереке болғандай, күлкі-әзілдері жарасып, ән-күй айтылып, дауыстары көшені жаңғыртып естіліп жатушы еді. Бұның барлығының түп-тамырында Құлсары Ахметжанұлының туа бітті асыл тегі тұрғандығын біреу білсе, біреу біле бермейді. Хакім Абайдың «Адамның адамшылығы – жақсы ата-ана, ұлғатты ұстаздан болмақ» дейтін

сөзі бар. Ардақты әкенің қаны, еліне сыйлы ауылы аңаның ақ сүтімен сінген адами ізгі қасиеттер ағамыздың бағыт-бағдар алар темірқазығы болды. Тіршілігінде ағайынның қамқоры, елінің елеулісі ғана емес, отбасының ұйытқысы мен әулетінің алтын дінгегі болып өмір кешті. Жан жары, еңбек ардагері Секербану Абзалбекқызы екеуі дүниеге 6 ұл, 3 қыз әкеліп, оларды бағып-қағып, тәлім-тәрбие беріп өсірді. Жұбайы Секербану зейнет жасына шыққанға дейін аудандық тұтыну қоғамында озат сатушы болып жұмыс жасады. Тұрмыс пен жұмыстың тізгінін тең ұстаған алтын құрсақты ана, немерелерінің сүйікті әжесі «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, атақты тұлға Жұмабек Ташенов қол қойған Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Грамотасымен және басқа да көптеген медальдармен марапатталып, бірнеше мәрте облыстық, аудандық, ауылдық Советтердің депутаты болып сайланды.

Сол балалары бүгінде алған мамандықтарының аясында ел игілігіне қызмет етіп, халқының сый-құрметіне бөленуде. Ата-әжелерінің атын өшірмей, жақсы ісін жұртқа жария ететін немерелері, шөберелері өсіп келеді. Баланы өмірге әкеліп, дұрыс тәрбиелеп, еліне пайдалы азамат етіп өсіргеннен асқан бақыт жоқ. Көне заманнан бері атамыз қазақ «Ағаш тамырымен, адам ұрпағымен мың жасайды» немесе «Адам өзі мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды» дейді. Расында, тәлімді бала, тәрбиелі қыз, адамның жасын да, атын да ұлықтап, ғасырларға ұзартады. Құлсары мен Секербанудың өнегелі өмірлері, биік адамгершілік қасиеттері, елге, халыққа сіңірген еңбектері жылдан-жылға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жасай беретініне біз көміл сенеміз! Ең бастысы – бағасын білетін ел-жұрты бар. Міне, сынаптай сырғып асылдарымыздың өмірден озғанына 50, 35 жыл да өте шықты, осы уақытта олардың нағыз Азамат, Азаматша болғандарына нақты көзіміз жетіп отыр.


Тұрсын ОРДАБАЕВ,
Шет ауданының
Құрметті азаматы,
еңбек ардагері




Еске алу

МӘНГІ ЕСІМІЗДЕ

Мына ғаламда тал бесік пен жер бесіктің арасындағы Құдайдың өлшеп берген ғұмырын гирбатпен өткізген жандар аз емес.




Солардың ішінде тіршілікке тоғыз бала әкеліп, өнегелі өмір кешкен ата-анамыз көзі тірісінде еліне елеулі, халқына қалаулы, қазаны оттан түспеген, қонақсыз ас ішпеген ауылы жандар еді.




Ұлы Отан соғысының майдангері әкеміз Мәскеу үшін болған шайқаста екі көзінен айырылып, мүгедек болып оралғанына қарамастан, шаруашылықтың әр саласында жұмыс атқарып, небәрі 57 жасында өмірден озды. Артында ұрпақтары, ордендері мен медальдары, достары мен замандастарының сағынышты естеліктері қалды.




Шешеміз балаларын бағып-қағып өсіре жүріп, Қазақ тұтынушылар одағының озат сатушысы атанып еді. Табысты еңбегі, қоғамдық белсенділігінің арқасында Ж.Ташеновтің қолынан Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын алды, «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталып, айрықша абырой құшағында болды.



Көкірегіміз шерге толып, қабырғамыз қайысып, өздеріңді бір көруге зар болған сағынышты күндермен арналыса жүріп, арада қанша уақыттың да өтіп кеткенін байқамай қалдық. Жылдар жылжып өткенімен, Сіздердің жарқын бейнелеріңіз жүректен өшкен емес. Өрбір айтқан сөздеріңіз жылдармен жаңғырып, санамызда мәңгі ұялап қалды. Ақжарқын, ақпейіл, аузын ашса жүрегі көрінетін кендіктеріңізбен, есімде қалдыңыздар. Адам бойындағы бар асыл қасиет бойларыңызға шақ құйылғандай еді. Туған-туыс қана емес, жора-жолдастарының ортасында ойып тұрып орын алдыңыздар. Адамға деген ақ пейілдеріңіз, досқа деген




шексіз құрметтеріңіз, бауырға деген ерекше ілтипаттарыңыз ізгі қасиеттеріңіздің көрінісі әрі адами қалыптарыңыздың биіктігін көрсетіп тұрушы еді.




Мейірім туған шуақты жүздеріңіз, жан сарайымызды жылуға бөлеген сөздеріңіз бен жарқын бейнелеріңіздің ұрпақтарыңыздың жайында мәңгі сақтала бермек. Баға жетпес қазынамыздай қадірлі жандарымызды сағынышпен еске алып, мәңгілік мекендері жұмақ болсын деп қол жайып дұға етеміз!


2026 жылдың 10 мамырында сағат 13:00-де ата-анамыздың аруағына Құран бағыштау мақсатында Ақсу-Аюлы ауылы, «Сұлтан» мейрамханасында еске алу асы беріледі.




Солардың бірі хәм бірегейі, Ұлы Отан соғысының ардагері, еңбек майданы, жерлесіміз – Құлсары Ахметжанұлы еді.




Секербану Абзалбекқызы екеуі дүниеге 6 ұл, 3 қыз әкеліп, оларды бағып-қағып, тәлім-тәрбие беріп өсірді.



Сол балалары бүгінде алған мамандықтарының аясында ел игілігіне қызмет етіп, халқының сый-құрметіне бөленуде.



Үлкен-кішінің тілін таба білетін, көңілі көлдей, жаны жайсаң адам еді.




Ең бастысы – бағасын білетін ел-жұрты бар. Міне, сынаптай сырғып асылдарымыздың өмірден озғанына 50, 35 жыл да өте шықты, осы уақытта олардың нағыз Азамат, Азаматша болғандарына нақты көзіміз жетіп отыр.


Тұрсын ОРДАБАЕВ, Шет ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері



Үнірек өңірінің тумасы, жаны жайсаң, ұл-қыздарының асқар тау әжесі, немере-шөберелерінің ардақты атасы, отбасының ұйытқысы Темірғали ҚАЛЫҚҰЛЫНЫҢ бұл жалғанмен мәңгіге қош айтысқанына 3 жыл болыпты.



Нәсібін адал еңбек, маңдай терімен тауып, маңдайға жазған ғұмырында жан баласына зияны тимеген, жүрегі кең жездемді асыл бейнесі еш уақытта жадымыздан өшкен емес.



Текті әулеттен тамыр жайған, азаматтық арда болмысы бөлек, кісілігі мен кішілігі тұла бойынан төгіліп тұратын жаны жайсаң азамат, ауылы аға, арқа сүйер әке, асыл жар, асқар тау ата Аманбай ҚҰЛСАРЫҰЛЫНЫҢ фәни ғұмырдан бақиға өткеніне де 24 жылға аяқ басты.



Аманбай дос-жарандарына, айналасындағы ағайындарға, бауырларына жанашыр аға, ақылшы жан болды. Көкірегі ояу, шыншыл, ештеңеге бейжай қарамайтын.



Ардақты бауырымызды сағынышпен еске алып, аруағына дұға бағытшап, мәңгілік мекенің жұмақ болсын деп Жаратқаннан тілейміз.

Манғаз бейнең, майда қонар үнің, жылы жымындың жадымызда мәңгі сақталады.

• КӨКЕЙКЕСТІ

Онлайн сауда офлайнды ығыстыра ма?

Соңғы жылдары Қазақстанда бөлшек сауда нарығы едәуір өзгеріске ұшырады. Әсіресе, киім-кешек сауда-саттығында офлайн дүкендер мен онлайн сауданың арасындағы бәсеке күшейіп келеді. Кәсіпкерлерді «Қай бағыт тиімді?» деген сұрақ мазалай бастады. Ал, тұтынушы үшін қайсысы қолжетімді? Онлайн ба, әлде офлайн ба?

Баға мен ыңғайлық бәсекесі күшейген кезең

Астана қаласында бірнеше бағытта бизнес жүргізіп көрген жас кәсіпкер Батырхан Сағатовтың тәжірибесі бұл өзгерістердің нақты көрінісі. Сауда айналымы бар, бірақ, таза пайда аз. Кәсіпкердің айтуынша, ай сайынғы сауда айналымы 2-3 миллион теңгені құрайды. Алайда, жалдау ақысы, салық және тауардың өзіндік құнын есептегенде таза табыс 250-300 мың теңге шамасында ғана қалады.

Мәселен, офлайн дүкендерде сауда орнын жалдау ақысы, коммуналдық төлемдер, қызметкерлер жалақысы, салықтық жүктеме тауар бағасына тікелей әсер етеді. Нәтижесінде қарапайым ақ футболканың құны 10-12 мың

теңгеге дейін өсіп кетеді.

Сондықтан да, қазіргі кезде онлайн сауданың айдарынан жел есіп тұр. Әрі бұл тұтынушы үшін де, кәсіпкер үшін де уақыт үнемдеудің тиімді жолына айналған. Яғни, тұтынушы бұрынғыдай табан тоздырып, киім іздеп жүрмейді. Уақыт жоғалтпайды. Кәсіпкер де белгілі бір жерге байланып, тауарын саудалап отырмайды. Әлемнің кез келген бұрышында тауарын нарыққа шығара алады. Бұған жылдам жеткізудің дамуы да ықпал етуде.

Расымен де, қазір көпшілік онлайн сауда жасайды. Өзіміз де бұған жиі жүгінеміз. Қолайлы екеніне көз жетті. Өрнине, кейде күткен тауарлардың көңілден шықпайтын кезі болады. Ол кезде кері қайтару мүмкіндігі де қарастырылады.

Онлайн баға артықшылығы неде?

Ал, онлайн саудада шығындар едәуір төмен. Сауда орны үшін жалдау ақысы жоқ, қызметкер саны аз, операциялық шығындар қысқарады. Соның арқасында сол ақ футболка 4-5 мың теңгеден ұсынылады. Бұл – тұтынушы үшін айқын артықшылық.

Соңғы жылдары онлайн сауда үлесінің артуы да осы факторлармен байланысты. Сарапшылардың дерегіне, 2019 жылы онлайн сатылым үлесі шамамен 15% болса, 2024-2025 жылдары бұл көрсеткіш 20-21%-ға жеткен. Алдағы жылдары өсім қарқыны 15-20% деңгейінде сақталуы мүмкін деген болжам бар.

Кәсіпкерлер тұтынушы таңдауы бүгінде бренд емес,

баға екенін атайды.


– Мәселен, ТМД елдері нарығында киім таңдауда тұтынушылардың басым бөлігі брендтен гөрі бағаға мән береді. Экономикалық жағдай, табыс деңгейі және инфляциялық қысым секілді аргументтер баға факторын алдыңғы орынға шығарды. Бұл жағдайда қолжетімді өнім ұсынған кәсіпкер ғана ұтады, – дейді кәсіпкер Батырхан Сағатов.

Қытай тәжірибесі – жаңа модель

Қытай соңғы жылдары онлайн сауданың жаңа форматын дамытты – live-stream сауда. Әлеуметтік желі арқылы тікелей эфирде тауар көрсету, бірден сату және жедел жеткізу жүйесі кең таралған. Бұл модель біртіндеп Қазақстан нарығына да еніп келеді. TikTok, Instagram, маркетплейстер арқылы тікелей сатылым форматы дамып жатыр. Осы арада «Офлайн дүкендер жойыла ма?» деген сұрақ туындайды. Сарапшылар офлайн формат толық жоғалады деп есептемейді. Алайда, олар шоурум форматына, бренд имиджін қалыптастыру алаңына, клиентпен тікелей байланысу орнына айналып барады. Негізгі сатылым көлемі онлайнға ауысуы ықтимал. Қазіргі нарық талабы икемділік болып тұр. Бүгінгі нарықта табыс табудың басты шарты – тұтынушыға ыңғайлылық. Баға, жылдамдық, қолжетімділік, сервис осы арада мұның бәрі шешуші рөл атқарады. Халықтың қажеттілігін дәл аңғарып, тиімді баға саясатын ұстанған кәсіпкер ғана тұрақты өсімге қол жеткізе алады.

Онлайн сауда уақытша тренд емес. «Нарық эволюциясының келесі кезеңі» дейді ақылды технологиялар.

Бекет ҚУАНЫШ,
ҚарҰЗУ II курс студенті




Ақсу-Аюлы ауылының тумасы, ардақты бауырымыз, балаларының асқар тау әжесі, немерелерінің ауылы атасы Есембай ҚҰЛСАРЫҰЛЫНАН қапыда көз жазып қалғанымызға да 9 жылдың жүзі болды.




Әулетіміздің жанашыры, тіршілігінде еңбексүйгіштігімен, адалдығымен айналасына абыройлы болған Есембай отбасымыздың есінде өзінің ақкөңіл де жайдары мінезімен, жарқын келбетімен қалды.

Имаңды болыңыз, жаныңыз жәннатта болсын!



Қамшының сабындай қысқа ғұмыр соңына қайырылтып та қаратпайды екен... Хан ба, қара ма, би ма, дана ма, тағдыр таразының жүгі бақиға ауған күні мәңгіліктен керуен-көші пенде баласын өзіне ілестіріп кете барады екен...




Осыдан тура 17 жыл, 28 жыл, 26 жыл бұрын біздер де ордалы төрімізді толтырып, ортамызда жүрген әулетбасының немерелері Еркебұлан ТЕЗЕКБАЙҰЛЫНАН, Ерганап ТЕЗЕКБАЙҰЛЫНАН, Әсел ТЕЗЕКБАЙҚЫЗЫНАН көз жазып қаламыз деп ойладық па?!

Бұл жандардың барлығы Құлсары әулеті ұрпақтарының жүрегіңде өздеріңіз ақкөңіл де жайдары мінездерімен, парасаты, көрікті, жарқын келбеттерімен сақталып қала бермек.

Артында қалған жақын-жуықтары мен ұрпақтары рухтарына басымызды иіп, соңындағы ізбасарларына ұзақ ғұмыр берсін деп тілейміз!

Құлсары әулеті, 2026 жыл

№149



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

ЖАМБЫ АТУ

Ат үстінде жамбы атып...

Өңірде ұлттық ойын түрлері кеңінен дамып келеді. Асық ату, көкпар, садақ атудан жыл сайын түрлі деңгейдегі чемпионаттар өткізіліп келеді. Биыл жер аяғы кеңінен бастап, жамбы атудан ерлер мен әйелдер арасында ел чемпионаты өтті. Оған өңірден 21 жастан асқан 20-дан астам спортшы қатысып, ептілік пен мергендіктерін сынады. Жарыстың ашылуына «Қайрат» балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Нұржан Шайхин қатысып, қатысушыларға жылы лебізін білдірді.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жарысқа қатысушылар қатарында Қарағанды қаласымен қатар, Қарқаралы, Ақтоғай және Бұқар жырау ауданынан келген кіл мықтылар бақ сынады. Сайыс барысында садақшылар нысананы корей, мажар, түрік және қазақ стильдерінде көздеді. Әр стильдің өзіндік техникасы мен ерекшелігі бар. Мәселен, корей стилі өзге түрлермен салыстырғанда біршама жеңілрек болып есептеледі. Себебі, мұнда нысана көлемдірек әрі қашықтығы да жақын орналасады. Түрік стилі керісінше, ең күрделі бағытының бірі. Мұнда дәстүрлі нысананың орнына жерден жеті метр биікте орналасқан кішірек табақша пайдаланылып, 90 градусқа бұрылып тұрады. Берілген 12 секунд ішінде кемінде үш оқ атып үлгеру шарт. Егер екі-ақ оқ атылса, нәтиже есепке алынбайды.

Бұл форматта басты талап, уақыт ішінде қанша оқ атсаңың, сонша ұпай есептеледі. Ал, қазақ стилінде 12 секунд ішінде жіпке ілінген нысананы дәл көздеу міндеттеледі. Мұнда да басты қағида – берілген уақыт ішінде мүмкіндігінше көп оқ атып, нысанаға дәл тигізу.

– Бұл жарыста үздік нәтиже көрсеткен спортшылар алдағы республикалық додаларда Қарағанды облысының намысын қорғайтын болады. Сондықтан, әрбір қатысушы үшін бұл сынның маңызы зор. Әрі бәсекелестік те жоғары деңгейде. Қатысушылар бар болғаны 12 және 18 секунд ішінде ат үстінде бірнеше тапсырманы қатар орындау – спортшыдан асқан шеберлік пен ептілікті талап етеді. Осындай күрделі шарттар қатысушылардың тек мергендігін ғана емес, ат үстіндегі тепе-теңдігін, жылдамдығын

және психологиялық дайындығын да сынаға салады. Сондықтан, іріктеу кезеңі – тек үздіктерді анықтайтын ғана емес, ұлттық спорттың деңгейін көрсететін маңызды дола, – дейді Нұржан Шайхин.

Турнирге қатысушылар қатарында Қарқаралы ауданы, Нұркен ауылынан келген спортшы Тілеухан Нұрхан да болды. Ол жарыста корей, түрік және мажар стильдерінде жоғары нәтиже көрсетіп, үш бағытта да алтын жүлдені жеңіп алды. Тілеухан бұл спорт түрімен 2014 жылдан бері айналысады екен. Алғашқы облыстық турнирде Тілеухан Нұрхан да болды. Ол жарыста корей, түрік және мажар мажар бағытында алтын медаль иеленсе, қазақ стилінде Айдархан Әбдрахманов үздік атанды. Әйелдер арасындағы бәсекеледе түрік стилінде Жансұлу Елеу жеңіс тұғырынан көрінді. Мажар және қазақ стилінде Шұғыла Дәурен мен Александра Вершицкая үздік атанса, корей стилінде Шұға Әбді қарсылас шақ келтірмеді.

сайыста өнер көрсетіп, II орынды иеленген көрінеді.

– Қазақ стилі мен үшін ең күрделі кезеңнің бірі болды. Ат үстінде шауып келе жатып, қозғалыстағы нысананы дәл көздеу оңай емес. Бір жебем нысанаға тиіп, оны тесіп өткен сәт те болды. Алайда, турнир ережесіне сәйкес, жебе нысанаға тұрақтап қалуы тиіс. Сондықтан, ол ұпайға есептелмеді. Мен ауылда тұрамын. Сол себепті қалаға тұрақты түрде келіп дайындалу мүмкіндігі әрдайым бола бермейді. Негізгі, садақ атудың қыр-сырын толық меңгермей тұрып, бірден атқа отырып, нысана көздеу мүмкін емес. Сол себепті, мен дайындықтың басым бөлігін жерде тұрып, нысана көздеуден бастаймын. Одан бөлек, жебені жылдам оқтау, көздеу және реакция жылдамдығын арттыруға ерекше мән беремін. Қолдың икемділігін, дәлдігін қалыптастырғаннан кейін ғана ат үстіндегі жаттығуға көшемін. Турнир алдындағы кезеңде де осы бағыттағы жаттығуларға басымдық беріп, қолдың жылдамдығын барынша жетілдіруге тырыстым, – дейді Тілеухан Нұрхан.

Турнир қорытындысы бойынша ерлер арасында Тілеухан Нұрхан үш бірдей стильде, яғни, корей, түрік және мажар бағытында алтын медаль иеленсе, қазақ стилінде Айдархан Әбдрахманов үздік атанды. Әйелдер арасындағы бәсекеледе түрік стилінде Жансұлу Елеу жеңіс тұғырынан көрінді. Мажар және қазақ стилінде Шұғыла Дәурен мен Александра Вершицкая үздік атанса, корей стилінде Шұға Әбді қарсылас шақ келтірмеді.

Сурет ұйымдастырушылардан

БОКС

Аида жүлдегерлер қатарында

Бразилияның Фос-ду-Игуасу қаласында өткен World Boxing ұйымының Әлем кубогы өз мәресіне жетті. Дүбірлі додаға әлемнің 50 елінен 400-ден астам былғары қолғап шебері қатысқан. Аталған турнирде Қазақстан ұлттық құрамасы сапынан ерлер құрамасынан тоғыз, әйелдер құрамасынан жеті боксшымыз өнер көрсеткен. Нәтижесінде, жалпыкомандалық есепте үш алтын, бір күміс және үш қола жүлдемен III орынға тұрақтады. Жүлдегерлер қатарында жерлесіміз Аида Әбікеева да бар. Жерлесіміз турнирдің финалына дейін жетіп, күміс медальға қол жеткізді.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерлесіміз Аида 65 келіге дейінгі салмақта сынаға түскен болатын. 1/8 финалда Чехия өкілі

Виктория Жилковамен кездескен болатын. Жекпе-жек барысында жерлесіміз қарсыласына қарсы үш мәрте есеп ашты. Нәтижесінде, 5:0 есебімен жеңіске жетті. Одан кейін марокколық Доуа Закиге қарсы өткізіп, ол қарсыласынан да еш қиындық

сыз жеңді. Жартылай финалда бельгиялық Ошин Дириоммен кездесіп, 4:1 есебімен жеңген. Ал, актық сында өзбекстандық Навбахор Хамидовамен қолғап түйістіріп, айласын асыра алмады.

Турнир қорытындысы бойынша ерлер арасында 85 келіде Сұлтанбек Айбарұлы Әлем кубогының жеңімпазы атанса, әйелдер арасында 60 келіде Виктория Графеева, 80 келіде Валерия Аксенова қарсылас шақ келтірмеді. Қола жүлдені ерлер арасында 80 келіде өнер көрсеткен Диас Молжігітов пен әйелдер арасында 51 келідегі Алуа Балқыбекова мен 80 келідегі Жібек Жарасқызы қоржынға салды.

ПЕЙІЛ

Махаббат – оның есімі

Ауыр атлетика десе, көпшіліктің көз алдына ең алдымен ерлер бейнесі келетіні жасырын емес. Дегенмен, бүгінгі таңда бұл спорт түрінде табысқа жетіп жүрген нәзік жандар да бар. Солардың бірі – қарағандылық спортшы Любовь Ковальчук. Ұлты беларусь болғанымен, оның балалық шағы қазақ ауылында өткен. Сол ортадан алған тәлім-тәрбиесі, болмысы, мінез, тіпті, ұлттық құндылықтарға деген құрметі өмірлік ұстанымының бір бөлігіне айналған. 1 мамыр мерекесі қарсаңында біз чемпионмен азы-көпті сұхбат құрып, ішкі жан дүниесіне үніліп көрдік...

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Любовь Ковальчук – беларусь ұлттының өкілі болғанымен, тағдыры мен тәрбиесі қазақ топырағымен тығыз байланысты. Өзі Абай қаласында дүниеге келген. Ал, балалық шағы Шет ауданына қарасты Әлихан ауылында өткен. Жеті жылдық білімін сол ауылда тәмамдап, Теміртаудағы Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резерв мектеп-интернат-колледжіне түседі. Бүгінде Любовь – небәрі 24 жаста болса да, халықаралық

дәрежедегі спорт шебері. V және VI Ислам ойындарының күміс жүлдегері, әрі ересектер арасындағы Азия чемпионатынан да күміс және қола жүлде иеленген. Ол қазақ тілін еркін меңгерген. Ойын анық әрі жатық жеткізугіне қарап-ақ, ауылдың тәрбиесін аңғарасыз. Бойынан қазақы тәлім мен ұлттық рухтың лебі сезіліп-ақ тұр.

– 1 мамыр – отбасымыз үшін ерекше мереке. Себебі, шаңырағымызда түрлі ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Әкем – беларусь ұлтының өкілі, анам – орыс. Ал, әкемнің ағасының жары



– қазақ. Соған қарамастан, барлығымыздың ортақ тіліміз – қазақ тілі. Отбасымда төртеуіміз. Бәріміз қазақ мектебінде білім алдық. Қазақы тәлім-тәрбие алып, ауылдың қарапайым да шынайы өмірінде өстік. Сол орта бізді еңбекқорлыққа, сыйластыққа және үлкенді құрметтеуге баулыды. Біздің үйде әрбір мереке – ерекше мәнге ие. Дастарқан жайып, қонақ күту – бұлжымас дәстүріміз. Айт күндері ауызашар беріп, ағайын-туысты жинау да отбасымыздың ажырамас салтына айналған. Осындай құндылықтарды бізге кішкен-

ӨНЕР ӨРІСІ

Кенептегі келісім келбеті

Көктемнің шуақты күндерімен бірге келетін «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» – сан түрлі тағдыр тоғысқан, жүздеген этнос өкілдері бір шаңырақ астында жарасым тапқан елдің жүрек соғысы. Осындай сәтте өнер де үн қатады. Кейде сөзбен жеткізе алмаған ойды бояу жеткізеді, кейде бір ғана картина тұтас дәуір келбетін, тұтас қоғамның болмысын сөйлетеді. Облыстық бейнелеу өнері музейі қорындағы суретші Сергей Щеголихиннің «Қарағандының мәдениет адамдары» атты туындысы – дәл осындай рухани үн. Туынды 2011 жылы салынып, 2012 жылы музей қорына сыйланған.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл – кенепке майлы бояумен салынған, кең тынысты, көпфигуралы картина. Картина композициясының дәл ортасында – қазақтың ұлттық киімін киген, қолына домбыра ұстаған жас қыз тұр. Оның бейнесі – ұлттың жаны, өнердің тамыры, дәстүрдің үні. Домбыраның үнін көзбен көргендей әсер қалдыратын бұл бейне бүкіл композицияның жүрегіне айналған.

Орталық кейіпкерді айнала қоршаған өзге тұлғалар – түрлі этнос өкілдері. Олардың әрқайсысы өз ұлттық киімінде, өзіне тән музыкалық аспаптарымен бейнеленген. Бірі – скрипка, бірі – баян, енді бірі – үрмелі аспап ұстап тұр. Мұнда суретші кездейсоқ кейіпкерлерді таңдамаған. Картинада Қарағанды облыстық музыкалық комедия театрының әртістері сомдалған. Яғни, терең тарихы бар іргелі ұжымда жылдар бойы жұдырықтай жұмылып еңбек етіп, елдің рухын көтеруге барын салып, бірліктің символына айналған өнер иелері. Театр сахнасындағыдай, мұнда да әр дауыс, әр ауен бір-бірімен үйлесіп, тұтас симфонияны құрап тұр.

– Шығарманың тереңіне бой-

лаған сайын оның астарындағы ой айқынырақ сезіледі. Мұнда қарапайым әріптестер бейнесі арқылы бірлік идеясының көркем тілін көресіз. Өртүрлі мәдениет, түрлі тағдыр, сан алуан үн – бәрі бір кеңістікте тоғысып, бір ыраққа бағынған. Суретші бояу арқылы татулықтың моделін жасағандай, – дейді облыстық бейнелеу өнері мұражайы директорының орынбасары Мейрамгүл Елубаева.

Картинада Қарағанды қаласының символы – «Кеншілер даңқы» монументінің бейнеленуі де ерекше мәнге ие.

Сергей Данилович Щеголихин 1953 жылы дүниеге келген. Балалық шағында ауыр дерт салдарынан есту қабілетінен айырылса да, тағдыр оған ерекше көркемдік түйсік сыйлайды. Ол әлемді дыбыс арқылы емес, бояу арқылы «естігін» суретшіге айналды. Ленинградтағы көркем-бездендіру мектебінде білім алған ол классикалық кескіндеменің қыр-сырын меңгеріп, кейін өзіне ғана тән мәнер қалыптастырды.

Бүгінде музей қорында суретшінің жиырмадан астам туындысы сақталған.

Сурет облыстық бейнелеу өнері мұражайы қорынан

Оқырман назарына!
Газеттің келесі саны 5 мамыр, сейсенбі күні шығады

<p>ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет</p> <p>Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС</p> <p>Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА</p> <p>Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ</p> <p>Директордың орынбасары Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА</p> <p>Бас редактор Е.К. МҮСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН</p> <p>Сайт редакторы А.Ө. СОВЕТ</p> <p>Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ</p>	<p>Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;</p> <p>Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19</p>	<ul style="list-style-type: none"> Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Материалдың жариялану ақысы төленген ☑ <p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.</p> <p>Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.</p> <p>Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.</p> <p>Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru</p>	<p>«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MKZTD2003131, БИК КСЗБЖЗКХ БИН 000840001412</p> <p>Тараптары 4 068 №46 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.</p> <p>Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР</p>
--	---	---	--